

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
(«ҚазҰҚызПУ» КЕАҚ)

ӘОК 80/81:1/14
Мемлекеттік тіркеу № 0121РК00669
ҒТАМР 16.01.07
Инв №



БЕКІТЕМІН
ҚазҰҚызПУ

Ғылыми жұмыс және халықаралық
ынтымақтастық жөніндегі проректоры
З. Д. Джумакулов
«27» 10 2023 ж.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕСЕП

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛЕР ЖҮЙЕСІ
(қорытынды)


AP09260204

Жобаның ғылыми жетекшісі,
филол.ғ.д., профессор Т. Қосымова


Алматы, 2023

ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

ҒЗЖ жетекшісі,
БҒК, филол.г.докторы
профессор


Г. Қосымова
«27» қазан 2023 ж. (кіріспе, 1. 2. 3. бөлім,
қосымша)


Орындаушылар:
ЖҒК, филол.г. докторы,
профессор


С. О. Құлбарак
«27» қазан 2023 ж. (1-3)


АҒК, PhD


А.М. Жалалова
«27» қазан 2023 ж. (1-3)


АҒК, магистр


Н.Ш. Калиева
«27» қазан 2023 ж. (1-3)

АҒК, магистр


А.А. Задаханова
«27» қазан 2023 ж. (1-3)

КҒК, магистр


С.Қ. Телгожаева
«27» қазан 2023 ж. (1-3)

РЕФЕРАТ

Есеп 123 б., 1 кесте, 33 әдеб., 8 қосым.

КӨНЕ ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫ, «ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ» ТҰЖЫРЫМЫ, КОНЦЕПТ, АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТ, ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

Зерттеу нысаны: Көне түркілер дүниетанымындағы «Адам» және «Әлем» концептілері мен микроконцептілер.

Зерттеу мақсаты: Көне түркілер дүниетанымындағы «Адам» және «Әлем» концептілеріне енетін микроконцептілерді анықтау, концептілерді Абайдың «Толық адам» ілімі тұжырымына сәйкестендіріп, қазақ дүниетанымындағы көрінісін негіздеу. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы «Жаңа сапалы адамды қалыптастыру» Тұжырымын іске асырудың тетіктерін пайымдайтын зерттеу нәтижесіне қол жеткізу.

Зерттеу жүргізу әдістері: теоретикалық, эмпирикалық, жинақтау, жүйелеу, сипаттау, талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеу әдістері «Толық адам» ілімін дамыта отырып, заманауи тұлға қалыптастыру тетіктерін айқындауда кеңінен пайданылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Алғаш рет Адам және Әлем туралы көне түркілік көзқарастар мен философиялық тұжырымдар Абайдың «Толық адам» ілімімен байланыстырыла талданды. Көне түркілік дүниетанымындағы Адам және Әлем моделін құрайтын концептілер өрісі және мыңдаған жылдар бойы түркі-қазақ жұртының танымындағы азаматтық, адалдық, имандылық, отан сүйгіштік қасиеттер көне түркілер мен ортағасыр ойшылдар сөзінен бастау алатындығы дәлелденді. Түркі дүниетанымының Адам-Әлем-Уақыт қатынасы анықталды.

Зерттеу нәтижелері: Концептілердің мазмұнына сәйкес Абай салып берген «Толық адам» бейнесінің моделі жасалды. Зерттеу нәтижесінде жас ғалымдарға, «Филология» және «Түркітану» мамандығының студенттеріне, жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік кешен ұсынылды. «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» тақырыбында монография жарияланды.

Енгізу дәрежесі: Алынған нәтижелер жоғары оқу орнының «Филология» мамандығының БББ-на және ҚР ОАМ-нің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының бағдарламасына енгізілді.

РЕФЕРАТ

Отчет 123 с., 1 табл., 33 источн., 8 прил.

ДРЕВНЕТЮРКСКОЕ МИРОВОЗРЕНИЕ, КОНЦЕПЦИЯ «НАУКА О СОВЕРШЕННОМ ЧЕЛОВЕКЕ», КОНЦЕПТ, АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ, ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ

Объект исследования: Концепты и микроконцепты «Человек» и «Мир» в древнетюркской картине мира.

Цель исследования: выявить микроконцепты, входящие в концепты «Человек» и «Мир» в мировоззрении древних тюрков, привести эти понятия в соответствие с концепцией Абая о «совершенном человеке» и обосновать казахское мировоззрение в рамках Президентской программы «Модернизация общественного сознания». Достичь результатов исследования, в котором разъясняются механизмы реализации концепции «Формирования нового качественного человека» в Послании Президента Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана.

Методы исследования: использовались теоретический, эмпирический методы, сбор и систематизация материалов, анализ, описание и сравнительный метод исследования. Методы исследования широко используются в определении механизмов формирования современной личности с развитием учения «Совершенный человек».

Научная новизна исследования: Впервые были проанализированы древнетюркские воззрения и философские представления о Человеке и Мире, в связи с учением Абая о «Совершенном человеке». Доказано, что поле концептов, составляющих модель Человека и Мира в древнетюркском мировоззрении, а качества гражданственности, верности, веры и патриотизма в знаниях тюрко-казахского народа на протяжении тысячелетий берут свое начало со слов древних тюрков и средневековых мыслителей. Определена связь Человек-Мир-Время в тюркском мировоззрении.

Результаты исследования: В соответствии с содержанием концептов была разработана модель образа «Совершенного человека», которую затрагивал Абай. В результате исследования был представлен научно-методический комплекс молодым ученым, студентам специальностей «Филология» и «Тюркология», учителям общеобразовательных средних школ. Опубликовано монография на тему «Система концептов в мировоззрении древних тюрков».

Степень внедрения: Полученные результаты включены в ОП специальности «Филология» КазНацЖенПУ и программу НацЦПК «Өрлеу» МОРК.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	9
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ЕСЕБІНІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ.....	11
1.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Абайдың «Толық адам» тұжырымы негізінде көне түркі және қазақ тілдеріндегі Адам моделінің лингвомәдени және лингвокогнитивтік бағыттарын талдау.....	11
1.2 Концептуалды өріс құрайтын шумер және көне түркі жәдігерлерінен материалдар жинау. Көне түркі дүниетанымындағы Адам моделіне қатысты ұғымдарды шумер тілімен салыстыра жүйелеу. Көне түркі дүниетанымындағы Адам моделіне қатысты концептуалды өрістегі вербалды бірліктерді айқындау, ежелгі түркілердің ойлау деңгейі, философиялық көзқарастары және аялық білімін талдау.....	15
2. Көне түркілер дүниетанымындағы Әлем моделіне қатысты ұғым-түсініктерді шумер тілімен салыстыра жүйелеу, олардың тілдегі вербалды көрінісін анықтау. Халықаралық және республикалық конференцияларға қатысып, презентация жасау. Көне түркі дәуірі мен ежелгі түркілердің дүниетанымындағы Әлем моделінің концептуалды өрісінің қолдану аймағын анықтау.....	19
2.1 Көне түркілердің әлемге қатысты философиялық көзқарастары мен дүниетанымына, аялық біліміне талдау жасау. Ежелгі және көне түркі дәуіріндегі адамдардың дүниетанымындағы Әлем моделіне қатысты концептілік өрістің тілдегі қолданыс аймағын айқындау. Шумер және көне түркілер дүниетанымындағы адамгершілік, туыстық, достық, құрмет, бай, кедей, табиғат, түс, тәңір, өмір концептілерін кейінгі дәуір мұраларымен салыстыра талдау, жаңғыру жолдарын айқындау.....	27
2.2 Әлем моделін айқындау мәселелері бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыру.....	32
3. «Түркі адамы» концептісінің ұлттық болмысы Гильгамеш, Орхон-Енисей, Қорқыт, Қашқари мұраларындағы адам және әлем модельдерін әлемдік және отандық ғылым тарихындағы зерттеулермен салыстыра қарап, көне түркілердің уақыт пен	

кеңістік туралы дүниетанымының құрылымдық ерекшеліктерін жіктеу.....34

3.1 Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі дүниетанымдық мазмұнды құндылықтарды қазақ халқының рухани игілігіне кіріккен дүниетанымдық ұстындарымен салыстыра талдау және оларды мәдени антропологиялық тұрғыдан негіздеу, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы мәнін түсіндіру.....39

3.2 Зерттеу материалдары негізінде республикалық және шетелдік басылымдарда мақалалар жариялау, авторлық құқыққа ие болатын монография шығару.....40

3.3 Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының Филология факультеті немесе «Түркология» мамандығы студенттеріне арналған «Ойшылдар іліміндегі Толық адам бейнесі» элективті курсы бойынша оқу үдерісіне енгізіп, апробациядан өткізу.....44

ҚОРЫТЫНДЫ.....47

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....49

ҚОСЫМША А Календарлық жоспар.....51

ҚОСЫМША Ә 1-кесте «Санадағы жаңғыру: «Әлем бейнесінің» рухани мұраларда берілу сипаты» атты халықаралық конференцияға қатысушы шетелдік ғалымдар тізімі...57

ҚОСЫМША Б Жоба бойынша жарияланған жұмыстар тізімі.....60

ҚОСЫМША В «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» монография.....65

ҚОСЫМША Г «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» монографиясының авторлық құқық куәлігі.....75

ҚОСЫМША Ғ «Абайтану «Толық адам» ілімі» элективті курсының материалдары.....76

ҚОСЫМША Д «Санадағы жаңғыру: «Әлем» бейнесінің» рухани мұраларда берілу сипаты» тақырыбындағы конференция материалдары.....103

ҚОСЫМША Е «Толық адам» тұжырымының жазба мұраларда берілу сипаты» атты халықаралық дөңгелек үстел материалдары.....113

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы зерттеу есебінде қажетті төмендегі анықтамалар мен терминдер пайдаланылды:

Көне түркілер – Алтай тауларынан Шығыс Монғолияға дейін созылған аймақта өмір сүрген, Орталық, Шығыс, Солтүстік және Батыс Азияның, сонымен қатар Еуропа мен Солтүстік Африканың бөліктерін мекендейтін этнолингвистикалық топтардың жиынтығы.

Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем.

Көне түркілік дүниетаным – түркілердің исламнан бұрынғы тарихи, мәдени қабаттардағы тілдік, ділдік және ойлау құндылықтарының жиынтығы.

Концепт – жалпы әлем туралы білім жүйесінің (әлемнің концептуалды бейнесінің) бір бөлшегі, үзіндісі, яғни индивидтің объективті шындық туралы өз танымындағы тірек ұғымдары, білетіні, ойлайтыны, елестететіні.

Концептуалды өріс – белгілі бір тілде сөйлеушілердің сана-сезімінің көрінісі ретінде концепттің коммуникативтік – релевантты бөлігінің күрделі өзектіленген мазмұны мен құрылымын көрсетуге мүмкіндік беретін бірнеше компоненттерді біріктіретін күрделі психикалық формация.

Артефакт – мәдениеттің құрылымдық бірлігі.

Толық адам ілімі – сопылық ілімнің адамгершілік негізінен туындайтын «камили инсани» деп аталатын ар ілімімен іштей сабақтасып жатқан қастерлі рухани құбылыс.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ЕСКЕРТПЕЛЕР ТІЗІМІ

Осы зерттеу есебінде келесі аббревиатуралар мен белгілеулер пайдаланылады:

ҚР ОАМ	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
БББ	Білім беру бағдарламасы
«Өрлеу» БАҰО	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы
ЖОО	Жоғары оқу орны
ҚазҰлтҚызПУ	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Абай ат. ҚазҰПУ	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

КІРІСПЕ

Қазақстан республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН АР09260204 «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» тақырыбындағы зерттеудің өзектілігі құндылықтар жүйесі ауысқан бүгінгі қоғамда өте өзекті болып табылады. Жас ұрпақ бойында жаңа тарихи сана қалыптастыру үшін төл тарихымызды жете білу міндетті. Тәуелсіз Қазақстанның идеологиясы көздейтін негізгі мәселе – идеалды азамат тәрбиелеу мәселесі болып отыр.

Ғылыми жобада қарастырылып отырған көне түркілердің бар ғұмыры мен арман-тілегі осы азаттық ой-санадағы идеалды азаматты көру болды. Идеалды азаматтар дана бабаларымыз дәріптеген қоғамдық құндылықтарды бойға сіңіруден қалыптасады. Қоғамдық құндылықтар адамгершілікке, кісілік қасиеттерге негізделсе, ондай құндылықтарды ұстанатын қоғам дамиды. Ұлы даланың төрінде орныққан біздің мемлекеттің болашағы, қазақстандықтардың келешегі осы құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты.

Мындаған жылдар бойы түркі-қазақ жұртының танымындағы азаматтық, адалдық, имандылық қасиеттер көне түркілер мен орта ғасыр түркілерінің жазып қалдырған сөзінен бастау алатыны туралы мәселе көтерілді. Қазақтың ежелгі даласындағы түркі тілді мәдениеттің терең де астарлы тарихына үңілетін болсақ, онда әлемдік мәдениетке өзіндік үлесін қосатын бай мәдени мұра қазынасына тап боламыз. Тек осы рухани байлықты төкпей шашпай, келешек ұрпаққа жеткізе білу қазіргі Қазақстанның зерделі қауымының тарихи міндеті болып табылады. Осы мақсатпен түркі-қазақ әдебиеті мен мәдениетінің құндылығын, сөз байлығын танытатын ежелгі дәуірдегі жазба ескерткіштер мен орта ғасырлық жәдігерлер зерттеудің дерек көзі ретінде алынды.

Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі дегенде адамзат өркениетінің қайнар көзі болып саналатын Адам және Әлем ұғымдарының бірлігі жөнінде, бұл ұғымдардың өмір сүру формасы және оның категорияларының сөзде орнығу жайы, рухани және мәдени атрибуттарының түркі халықтарының бойында қалай сақталғандығы туралы зерттеуді мақсат еттік.

Ежелгі дүниетанымдық ұғым-түсініктерді жаңғырту, көнетүркілік мәдениеттің генезисі мен даму концепцияларын қайта қарау, олардың терминдік мәнінің қазіргі ғылымда интерпретациялану дәрежесін, қазіргі ғылыми термин мен ежелгі сөздік ұғымның сәйкестік деңгейін, зерттелу жайын қарастыру көп нәрсенің басын ашты. Қазіргі жаһандану дәуірінде жалпы адамзаттық құндылықтар мен түркілік құндылықтар таразыға түсіп, ұлтты қалай сақтап қаламыз, қайткенде кемел адам, кемел ұлт деңгейіне

көтерілеміз, бұл мәселеде бабалар жолы қандай деген мәселелер өткір қойылып отырған тұста көнетүркілік наным-сенімдердің байлығын, өркениет жасаудағы тәжірибесі мен білімінің молдығын, ойлау жүйесінің кеңдігі мен жан-жақтылығын талдау өте өзекті болды.

Бұл зерттеудің барысында ұзақ уақыт бойы айтылмай келген көшпелілердің көп қырлы мәдениеті, көнетүркілердің ойлау жүйесі, әлемді тану сатылары, түркілік дүниетанымның бастау көздері деген мәселелер монографияда шешімін тапты. Көне түркілер мен орта ғасыр мұралары қазақ халқының тыныс-тіршілігін, шаруашылығын, терең дүниетанымын, ғасырларға жалғасқан мәдениетін, дұрыс деп тапқан өмір сүру қағидаттарын көрсететін бай мұра. Мұнда дана бабаларымыз қалдырған рухани мәдениеттің түр-түрі сақталған. Ғасырлар сынынан сүрінбей өткен рухани құндылықтар қазіргі мәдениетіміздің қайнар көзі болып келе жатқаны анық. мыңдаған сөздер, фразеологизмдер, накыл сөздер мен мақал-мәтелдердің озық үлгілері қосылды, ұлттық тіліміздің сөздік қоры молайды. Бабалар қалдырған өсиет сөздер қазіргі білім беру үдерісінде үнемі айтылып келе жатқан педагогикалық қағидаларды түзді, тәрбие құралына айналды. Келешекте де солай бола береді.

Даналардан қалған мәдени мұралар – тәуелсіз елдің азаттық ой -санасын қалыптастырудың жолы, халқымыздың тарихы мен мәдениетін құрметтейтін саналы ұрпақ тәрбиелеудің таптырмас құралы. Зерттеу жұмысында көне түркілердің дүниетанымындағы Адам мен Әлемнің бірлігі туралы тұжырымы бұрынырақ Аристотель айтқан, кейінірек көнетүркілердің абыздары мен ойшылдары, кемеңгер даналары және әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн, Ә.Науаи, Ю.Эмре, Абай айтқан даналық ойларда, алдымен Құдайды, сосын жалпы адам баласын, ұлтты, елді, жерді, табиғатты сүюдің ізгілігінде жатқандығын ашылады.

Ғылыми жобаның аралық есептері Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында тіркелді (2021 жыл инвентарлық №321PK01000; 2022 жыл инвентарлық №0322PK00815).

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ЕСЕБІНІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

1.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында абайдың «толық адам» тұжырымы негізінде көне түркі және қазақ тілдеріндегі адам моделінің лингвомәдени және лингвокогнитивтік бағыттарын талдау

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызды талабы – тамыры тарихтың тереңінен бастау алатын рухани кодты сақтау.

Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласының негізгі идеясы – ұлы ақын шығармаларын зерттеудің ендігі кезде жаңа бағыты қалыптасып, тәуелсіз, еркін көзқараспен саралай отырып, тың мәселелерге назар аударуымыз керектігі, Абайды әлемге таныту үшін әрбір қазақтың ақын мұраларын кеңінен насихаттап бойына сіңіруі [1]. Ел дамуына түпқазық болып, болашаққа жол көрсететін, рухани дамуына ықпал ететін бірден-бір мұра – Абай сөзі, Абай даналығы.

Абайды тану арқылы өзімізді танып, ұлттық болмысымызды паш ету. «Толық адам» ілімі негізінде ұлт ұрпақтарын кемелденуге тәрбиелеу.

Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы: «Бүгінгі дүниетаным тұрғысынан алып қарағанда, Абайдың әдеби мұрасы мен ақын дүниетанымын танып білу жолында жүргізілетін жаңа ғылыми-зерттеу жұмыстары қандай бағыт-бағдарда болатындығын айқындауға аса басым түрде мән беретін уақыт келіп жетті. Абайды зерттеп, тану саласында 125 жылдық мерзімде жазылған өткендегі ғылыми-творчестволық зерттеулерге де осы жаңа дүниетаным тұрғысынан қарап, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізге де сын көзімен қарап, бағаламақпыз. Бұл өте орасан жауапты жұмыс болса да, қолға алатын тікелей парызымыз екенін естен шығармауымыз керек» – деген еді [2]. Осы тұрғыдан алып қарағанда Абай тағылымы мен шығармашылығына қатысты зерттеулерді «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңадан жаңғыртып, Абайдың «Толық адам» ілімін көнетүркі халықтарының дүниетанымымен, көне ойшылдардың пайымдаулары, ой-тұжырымдарымен сабақтастықта зерттеу осы ғылыми жобаның өзектілігін айқындап отыр.

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыртуға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған» [1]. Абайдың «Толық адам» философиясынан ғибрат аламыз, Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады [3]. Осы үш

ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы.

Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлттық концептосферасын қалыптастырған ұлы тұлға. Осылай пайымдауымыздың себебі «Адам» базалық концептісінен шығатын «Толық адам» концептісінің концептуалды өрісін «Адамгершілік», «Иман», «Батырлық», «Ел билеуші», «Сабырлық», «Достық» т.б. микроконцептілері түзеді.

Концептосфера күрделі, біртұтас құрылым. Ол этностың тарихын, географиялық ортасын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, менталдық ерекшелігін, менталитетін қамтиды. Әр ұлттың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, ғылымы, қаншалықты бай болса, әрбір халықтың концептосферасы соншалықты бай болады. Концептосфера ұлттық концептердің жиынтығы болса, концепт мағынасы тереңдетіліп, ерекше сипатқа ие болған этникалық бірлік. Ұлттық концептосфера халықтың дүниетанымның, салт-дәстүрдің, халықтық психологияның, ой-өрістің, білімнің, мәдениеттің, қарым-қатынас заңдарының, басқа ұлттарға деген көзқарастың, басқа этносқа деген толеранттылықтың, халықтың рухани жан-дүниесінің, материалдық құндылықтарының ерекше қасиеттерінің жиынтығы. Сондықтан да «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» тақырыбындағы осы жобада талқыланған негізгі Адам және Әлем мәселелерінің түбірі тарихтан тарқатылып, қазіргі заманмен сабақтастықта зерттелді. Абай шығармаларындағы «Толық адам» іліміне қатысы бар әрбір концепт көне түркілердің дүниетанымымен байланыстырыла талданады.

Концептілер ХХІ ғасырдың басында қазақ тіл білімінде қарқынды зерттеле бастады да, қазіргі таңда зерттеу аясы тарыла түсті. Бірақ бұл концептуалды зерттеулердің өзектілігін жоймайды. Керісінше, концептуалды зерттеулер жүргізу әдіснамасы мен бағыттарының тереңдетілуі тиіс екендігін көрсетеді. Тіл білімінің дамуындағы қазіргі кезең ғалымдардың антропоцентристік парадигма шеңберіндегі зерттеулерге қызығушылығының артуымен сипатталады, бұл тілді адаммен, оның ойлауымен, менталитетімен, білімімен және мәдениетімен әр түрлі байланыстарда зерттеуді көздейді. Антропоөзектік парадигма макропарадигма бола отырып, коммуникативті лингвистика, прагмалингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика және мәдени лингвистика сияқты салаларды біріктіреді. Осы салалардың ішінде когнитивтік лингвистика дүние туралы ақпаратты ұсыну мен түрлендіруге қатысатын тіл ғылымы ретінде, таным процесінде оның лингвистикалық аспектілері бойынша, лингвистикалық құрылымдар мен олардың психикалық көріністерінің арақатынасы тұрғысынан басым орын алады.

Тіл біліміндегі концептологиялық зерттеулердің қарқынды дамуымен байланысты концептіні зерттеудің негізгі екі бағыты алдыңғы қатарға шықты. Олардың біріншісі когнитивті бағыт. Бұл бағыт концептіні адамның психикасында бейнеленетін концептуалды жүйенің, әлем бейнесінің, менталды лексиконның бірлігі ретінде қарастыруымен ерекшеленеді. ал екіншісі лингвомәдени бағыт. Бұл бағыт ең алдымен концептінің этномәдени шарттылығын көздейді. Ғылыми жобада Адам және Әлем концептілері Һәм лингвокогнитивтік, Һәм лингвомәдени тұрғыдан жан-жақты бейнеленді.

Ұлан байтақ Азия даласында өмір сүрген түркі халықтардың географиялық орналасу кеңістігі бірнеше рет жүрілген Ұлы көштің әсерінен ондаған мәрте өзгеріске түсті. Өмір сүру алаңы – Кеңістік өзгерген соң рухани құндылықтары, тілі, ділі, діні де өзгерді. Үлкен империялар мен көрші болумен қатар иық тіресе өмір сүріп, бірде жеңіліп, бірде жеңіп, олардың рухани мәдениетін өзіне сіңірумен бірге өз мәдениетін оларға беріп келген.

Этностардың дүниетанымы үнемі дамып, өсу, өзгеру үстінде болды. Сонау алыс ғасырларда қалыптаса бастаған түсінігі, дүниетанымы үнемі өзгеріске түсумен өсіп, өніп келді.

Түріктердің дүниетанымының бастау бұлағы, қайнар көзі – Табиғат. Табиғаттың құбылысын, оның ритмін өзгертпестен философиялық ой-тұжырымының, дүниетанымының арқауы еткен. Бұл табиғатпен біте қайнасып бірге өскен, соның өзгеріс, құбылысын жіті бақылайтын көшпелілер әулетінің сезіну, түсіну, сезінген түсінікті рухани байлыққа айналдырып үлгеруінің жемісі. Салт-дәстүрі наным-сенімі осы табиғатпен біте қайнасып мыңдаған жылдар бойы бірге туындаған ұғымдар жиынтығы болып саналады.

Түркі халықтарының рухани-мәдени құндылықтар жүйесі жалпы түркі халықтары ата-бабаларының дүниетанымымен, тарихымен, өмір тәжірибесімен үздіксіз жалғасып келе жатқан тұтас құбылыс. Ежелгі түркі халықтарының жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін бірден-бір жазба дерек VII-IX ғасырларда жазылған көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Түркілердің ғаламды тану құбылысы – Жаратушы ие (Тәңір) және адам, табиғат және адам, адам және қоғам, адам және кеңістік, адам және уақыт сынды әмбебап түсініктер жиынтығынан және солардың аясына кіретін – жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, мәңгілік пен жалғандық, жат пен жақын т.б. ұғымдар кешенінен тұрады. Осындай түсініктер мен ұғымдар жиынтығынан тұратын концептуалды жүйенің лингвистикалық бірліктер арқылы акустикалық немесе графикалық тұрпат алуы ғалам бейнесінің түркілік тілдік моделін

сомдайды. Аталған ұғымдардың бәрі де өзек концепт – Адам концептісінің мазмұнынан тарайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ғылыми жоба бойынша зерттеу жүргізу барысында Адам моделі лингвомәдени, лингвокогнитивтік тұрғыдан 2021 жылдың 23 сәуірінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ұйымдастырылған «Шеттілдік білім берудегі модернизация, инновация, прогресс және филологияның өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияға А.М. Жалалова, Н.Ш. Калиева және А.А. Задаханованың авторлық бірлестікте дайындаған «On Cognitive linguistics in the modern scientific paradigm» тақырыбындағы ғылыми мақаласында, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты жанынан шығатын «Тілтаным» журналында (№3, 2023) жарияланған Н.Ш. Калиева және А.М. Жалалованың авторлық бірлестікте дайындаған «Қазіргі түркі тілдеріндегі концептілердің зерттелу деңгейі» тақырыбындағы мақаласында зерттелді.

«Қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасы аясында Абайдың «Толық адам» тұжырымына негізделген лингвомәдени, лингвокогнитивтік зерттеулер, әлемнің тілдік бейнесі, түркілік дүниетаным мәселелері талданып, түркі және қазақ тілдеріндегі концептілер қаралды.

Ғылыми жобаның жетекшісі Г. Қосымованың ұйымдастыруымен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қысқы мектеп аясында «Абайдың «Толық адамын» қалыптастыру» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, 2021 жылдың 19 сәуірінде профессор Г. Қосымова оқушылар мен студенттерге арналған «Абайдың «Толық адам» ілімі туралы эссе мазмұны» тақырыбында онлайн-дәрістер сериясын ұйымдастырды. 2021 жылдың 21 мамырында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ұйымдастырған «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференцияда «Тұлғаны дамытудың әдіснамалық негіздері» тақырыбында Г. Қосымова баяндама жасады.

Зерттеу тобының жетекшісі Г. Қосымованың «Түркология» журналында «Abay Poeziyasının dərin fəlsəfəsi vəədəbi gücü» (Абай поэзиясының терең философиясы мен әдеби күші) мақаласы жарияланды.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көне түркі дүниетанымының мұралық кезеңі айқындалып, олардың теориялық негіздері шумерлер ілімімен және Түркологиямен байланыстыра қарастырылады. Түркияның Стамбул қаласында KESIT баспасынан «Тіл тарихын кезеңдеудің теориялық негіздері. Шумерология және түркология мәселелері» атауымен Г. Қосымованың авторлығында кітап жарық көрді.

2021 жылдың 23 сәуірінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ұйымдастырылған «Шеттілдік білім берудегі модернизация, инновация, прогресс және филологияның өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияда Г.Қосымова «Тарихи лексикологияны оқыту мәселелері» тақырыбында баяндама жасады.

1.2 Концептуалды өріс құрайтын шумер және көне түркі жәдігерлерінен материалдар жинау. Көне түркі дүниетанымындағы Адам моделіне қатысты ұғымдарды шумер тілімен салыстыра жүйелеу. Көне түркі дүниетанымындағы Адам моделіне қатысты концептуалды өрістегі вербалды бірліктерді айқындау, ежелгі түркілердің ойлау деңгейі, философиялық көзқарастары және аялық білімін талдау

Концепт ұғымын ашу үшін көне түркілердің ойлау жүйесі мен философиялық ойтұжырымдарын, тілдегі образды бейне тудырған ассоциациялар мен танымдық түсініктерінің жиынтығын түсініп алуымыз қажет. Концептілік өріске «Адам» лексемасы бар образды сөз оралымдарына қатысты тірек ұғымдар кіреді, «Адам» елжандылық, ерлік, мәрттік, ар-ұят, сүю, жомарттық, кеңпейілділік, достық т.б. мәдениі концептілердің басты элементі ретінде танылады. Бір ғана «Адам» концептісі арқылы бүтін бір этностың өзіне тән, ерекше болмыс бітімін аңғаруға болады. Көне түркілер қашанда «кісілік», «адамгершілік», «елжандылық», «жомарттық», «батылдык», «мәрттік», «сүю» деген кісілік қасиеттерді ең жоғарғы адамдық қасиеттерге жатқызған. Кісінің кемелденген толық адам екендігін танытатын көрсеткіштер осы аталған микроконцептілерден құралады. Жоғарыдағы айтылған кісілік қасиеттер Алланы сүю, өмірді сүю, адам баласын сүю, даланы сүю, елді сүю, жерді сүю, табиғатты сүю, ортаны сүю арқылы танылады, адамның, әсіресе ел билеуші адамның халқын бақытқа қол жеткізуге ұмтылған адами болмысы ерекшеленеді [4,51].

О. Сүлейменов «Азия», «Сөз коды», «Мың бір сөз» және «Жазу тілі» атты еңбектерінде шумер тілінен көптеген мысалдар келтіреді [5].

Адам моделі көне жәдігерлерде қазіргі концепт деңгейінде кездеспесе де, жеке тілдік бірлік ретінде кездесіп отырған. Назар аударлатын жәйт көптеген шумер зат есімдері күрделі сөздерден тұрады, мысалы: lú «адам», gal «ұлы» екеуі бірге lu + gal «ұлы адам» = король мағынасында жұмсалып отыр. Осы мысалдан ақ, біз ежелгі халықтың Адамды ұлықтағандығын, оның ақылы мен біліміне қарай Ұлы адам ретінде баға бергендігін байқап отырмыз. Жалпы шумер тілінің құрылымы түркі тілдер тілдік жанұясына жақындығы тұрғысынан салыстырмалы түрде көне түркі тайпаларының тілі

мен мәдени ерекшеліктері бір-бірімен байланыстырыла зерттелуде [6,72]. Шумер тілінде түбірлер негізінен бір буынды болып келеді. Зат есім мен етістіктің формасы сол күйінде қолданылады. Сөз түбірінің басы мен соңына жұрнақтар жалғау арқылы сөздер біріккен және сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа сөздер қатары түзілген. Түрік тілінде де солай, бірақ түрік тілінде префикс жоқ, ал шумер тілінде префикс бар.

Ежелгі түркілер мен қазіргі түркі халықтары арасындағы дәстүрлі ұрпақ жалғастығын тек лингвистикалық негізде ғана емес, когнитологиялық, концептологиялық, семиотикалық, аксиологиялық тұрғыдан да айғақтайтын акпарат көздерінің бірі жалпы адамзаттық *Адам макроконцептісі аясындағы тілдік модельдер*.

Қазіргі қазақ тілінде қолданыстағы *адам* тұлғасы Көне түркі жазба мұраларында жиі қолданылатын Kisi-Адам концептісінің тілдік бірлігі Turk этнонимі. Адам ұғымы көне түркі жәдігерлерінде *isi/işi/kisi/kişig* және *gisik/isik/işik* тұлғаларында кездеседі. Көне түркілерде кездесетін *isi/işi/kisi/kişig* тұлғаларын: *адам, ер, әйел* мағыналарында қарастырады. Тіпті, *isi/işi/kisi/kişig* және *tişi* тұлғалары фонетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырағанына қарамастан бірдей мағына беруі мүмкін деген болжам да жоқ емес.

Р.К. Байымбетова., М.Қ. Ескеева: «Kisi/Адам» этноконцептісінің басты тілдік моделі *kisi* лексемасының этимологиясын көне түркілер дүниетанымындағы «Бір Тәңір» идеясымен сабақтастыра отырып, түркі тілдеріндегі үлкен-кіші оппозициясы арқылы *kisi/kişi* «адам, кісі» лексемасының аталымдық уәжін анықтауға болады» - деген тұжырым айтады [7,15].

«Адам» ұғымының өрістік шеңберін құрайтынын сөздер Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігінде» де кездеседі. «Мінсіз адам» мағынасында жұмсалатын «*kişi*», «*kişi oğlu*» тұлғалары ұшырасады.

Ескі түрікшеде «адам» мағынасын білдіретін *yalanñuk* (<*yalın-guk*) лексемасы кездеседі [8,930], *Kiz ermez bu yalnguk kişilik kiz ol, Az ermez bu yalnguk könilik az ol* (ҚБ104). (Адам қымбат емес, қымбат адамдық, Адамдар аз емес, аз ғой адалдық (АЕ,1266. 866 бәйіт.).

Әйгілі түрік ғұламасы Махмұд Қашқари «Түрік» сөзіне және оның этимологиясына тоқталған. «Түрік; Тәңірі жарылқаушы Нұқтың ұлының есімі. Бұл Тәңірдің Нұқтың ұлы Түрік бабаларына берілген есімі. Оның әулеті де, «түрік» деп аталады... «Түрік» сөзі Нұқ ұлының есімі болып келгенде, жеке бір кісіні білдіреді, Нұқ әулетінің есімі болып келгенде, «бешеч – бешер» сөз сияқты жалпылық мәнді, көптеген адам тобын білдіреді [9]. Бұл жеке де, жалпы да мағынада да қолданылады

Осы сияқты Адам концептісіне қатысты тілдік бірліктер көне жазба ескерткіштері тілінде жеке лексема ретінде де кездесіп, лексика-семантикалық, лексика-фразеологиялық бірлік ретінде де кездесетіндігін анықтадық.

Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында Адам концептісінің концептуалды өрісін құрайтын материалдар шумер және көне түркі жәдігерлерінен жинақталған.

Нәтижесінде А.Абуованың 2021 жылдың 11 қарашасында Қазақ ұлттық университетінде ұйымдастырылған «Толық адам» тұжырымының жазба мұраларда берілу сипаты» атты халықаралық дөңгелек үстелде талқыланған «Көне түркі және шумер мәдениетінің антропоцентристік зерттеулері» тақырыбындағы мақаласы жарық көрді.

Көне түркі дүниетанымындағы Адам моделіне қатысты ұғымдар шумер тілімен салыстыра жүйеленген.

Көне түркі дүниетанымындағы Адам моделіне қатысты концептуалды өрістің вербалды көріністері ашылып, көне түркілердің аялық білімі, ойлау деңгейі, философиялық көзқарастары талданды.

Зерттеу нәтижелері Г.Қосымованың Қожа Ахмет Ясауи университетінің хабаршысының №3 (125) санында жарияланған «Абайдың толық адам тұжырымының бастау көздері» мақаласында талданған.

2021 жылдың 26 шілдесі мен 2 тамызы аралығында Астана қаласында Ұлттық академиялық ғылыми жоба мүшелерінің кітапханада іссапары өтті. Зерттеу жұмыстары Б.Кенжебаев пен Н.Келімбетов атындағы «Түркология» оқу залында, сондай-ақ «Мырзатай Жолдасбековтің мемориалдық кітап жинағы» оқу залында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері Н.Қалиеваның Түркия Республикасының, Нийде қаласы, Нийде Өмер Халисдемир университетінде ұйымдастырылған VIII Түркі әлемі зерттеулері симпозиумында «Representation of conceptosphere man in myth and legends (on the example of Turkic languages)» тақырыбындағы мақаласында жарияланды. Сондай-ақ, Өзбекстанның Самарқанд қаласындағы Самарқанд мемлекеттік шет тілдер институтында 2021 жылдың 11-12 қазанында оффлайн форматта ұйымдастырылған «Ұлы Жібек жолы бойындағы жаһандық және ұлттық құндылықтар: тіл, білім және мәдениет» атты халықаралық конференциясында Н.Қалиеваның А.Жалаловамен авторлық бірлестікте жазған «System Of Concepts Forming The Conceptosphere Of «Human» тақырыбындағы мақаласында көрсетілген. Аталмыш конференцияға тағы бір нәтиже ретінде Н. Қалиеваның Г. Қдырбаевамен (Нүкіс мемлекеттік университеті) бірлесіп жазған «Туркий халқлар мифологик олам манзарасин воқелантирувчи концеплар тахлили» тақырыбындағы мақаласын атап өтуге болады.

2021 жылдың 11 қарашасында Қазақ ұлттық университетінде «Толық адам» тұжырымының жазба мұраларда берілу сипаты» атты халықаралық дөңгелек үстел ұйымдастырылды (Қосымша Е).

«Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» жобасын орындаушы топ мүшелерімен қатар, алыс және жақын шетелден атақты тюркологтар қатысқан бұл жиынның маңызы жоғары болды, сондай-ақ, 20 жуық ғылыми мақала талқыланды.

Белгілі тюрколог Қ. Сартқожаұлының «Байырғы түріктердің дүниетанымы» мақаласы, Д. Ысқақұлының «Ортақ мәдени мұра – түркілік бірлік негізі», С. Құлбарақтың «Абай шығармаларындағы тұлға, адамдық мәселелері», М.Қ. Ескееваның «Орхон ескерткіштері тіліндегі және қазақ мақал-мәтелдеріндегі Адамгершілік құндылықтар көрінісі», М.Бекбосыновтың «Шығыстық рухани құндылықтардың Абай мұраларындағы сипаты», А.А. Раззоқовтың «Алишер Навоий ижодида Комил инсон тимсоли» мақалалары, жоба жетекшісі Г. Қосымованың «Көне түркілік дүниетанымыдағы «Адам» концептісінің Абайдың «Толық адам» тұжырымымен сабақтастығы», жоба орындаушылары Н.Ш. Қалиеваның «Адам» концептасферасын құрайтын концептілердің тілдік санада вербалдануы», А.Абуованың «Көне түркі және шумер мәдениетінің антропоцентристік зерттеулері», А.А. Задаханованың «Түркілер менталитетінің лингвокультурологиялық және лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттелуі», А.М. Жалалованың «Қазақ тіліндегі лингвомәдени бағыттағы зерттеулердің адамтану ғылымындағы рөлі» тақырыптарындағы мақалалары көне түркі дүниетанымындағы Адам моделіне қатысты концептуалды өрістегі вербалды бірліктерді айқындау, ежелгі түркілердің ойлау деңгейі, философиялық көзқарастары және аялық білімін талдауға арналған құнды зерттеулер екендігі көрініп тұр.

2 Көне түркілер дүниетанымындағы Әлем моделіне қатысты ұғым-түсініктерді шумер тілімен салыстыра жүйелеу, олардың тілдегі вербалды көрінісін анықтау. Халықаралық және республикалық конференцияларға қатысып, презентация жасау. Көне түркі дәуірі мен ежелгі түркілердің дүниетанымындағы Әлем моделінің концептуалды өрісінің қолданылу аймағын анықтау

2022 жылғы календарлық жоспарға сәйкес көне түркілер дүниетанымындағы «Әлем» моделіне қатысты ұғым-түсініктер шумер тілімен салыстыра қарастырылды. Ежелгі дүниетанымдық ұғым-түсініктерді жаңғырту, көнетүркілік мәдениеттің генезисі мен даму концепцияларын қайта қарау, олардың терминдік мәнінің қазіргі ғылымда интерпретациялану дәрежесін, қазіргі ғылыми термин мен ежелгі сөздік ұғымның сәйкестік деңгейін, зерттелу жайын қарастыру көп нәрсенің басын ашты. Қазіргі жаһандану дәуірінде жалпы адамзаттық құндылықтар мен түркілік құндылықтар таразыға түсіп, ұлтты қалай сақтап қаламыз, қайткенде кемел адам, кемел ұлт деңгейіне көтерілеміз, бұл мәселеде бабалар жолы қандай деген мәселелер өткір қойылып отырған тұста көне түркілік наным-сенімдердің байлығын, өркениет жасаудағы тәжірибесі мен білімінің молдығын, ойлау жүйесінің кеңдігі мен жан-жақтылығын талдау өте өзекті болды.

Бұл бағытта адам мен дүниенің бірлігін негіз етіп алатын тәңіршілдік ілімнің берері мол болды. Тәңір жөнінде айтылған еуропалық зерттеулердегі қате түсініктерден және сонымен қатар тек діни тұрғыдан қарастырған көзқарастан да арылып, түркілік философия, көне түркілік таным, кеңістік пен уақытты үйлесімділікте алған өмірлік білімдер жүйесі тұрғысынан қарастыру адамзаттың өмір сүру қағидаларын қайта қарауға, табиғат пен адамның табиғи бірлігі туралы танымның жаңа сатыға көтерілуіне көмектесті. Сонымен қатар түркілік сананың өміршеңдігін мойындауға жетелеу және талай мыңжылдықтарда өзін-өзі сақтап қалу құпиясын бүгінгі ұрпағына түсіндіріп, өнегелі істері мен адам болып қалу қасиеттерін ұрпақ бойында қалыптастыру сауапты іс болды.

Көне түркілер дүниетанымындағы Әлем моделіне қатысты ұғым-түсініктерді сонау шумерлерден жалғасын тауып келе жатқан күрделі әрі бай көне түркілер мәдениетінің егіншілік оазис мәдениеті, көшпелі малшылар мәдениеті және егіншілікпен айналысатын түркі тайпаларының аралас мәдениеті (яйлақ) қабаттарын айғақтайтын атрибуттардың тілдегі көрінісі, топонимдік атауларда сақталып қалуы және сауда-саттықтың өркендеуі мен қолөнердің дамуындағы ежелгі түркілік символдық мәндегі өрнек атаулары, ежелгі дәуірде экономикалық, әлеуметтік және діни өмірдің орталықтары болған қалалардың пайда болуы мен Ортаазиялық Жібек жолы атты керуен жолындағы, көнетүркілік салт-дәстүрлердегі Адам-Әлем-Еркіндік ұғымдарының көрінуі, танылуы, сақталуы желісі таңқалдырмай қоймайды. Зерттеуге нысан болған түркілік мәдениеттің дамуының бірінші кезеңі туралы айтқан Ясперстің: Вторжение кочевых народов из Центральной Азии, достигших Китая, Индии и стран Запада (у них великие культуры древности заимствовали использование лошади), имело, как уже было сказано, аналогичные последствия во всех трех областях: имея лошадей, эти кочевые народы познали даль мира. Они завоевали государства великих культур древности [9] деген тұжырымы зерттеу бағытымыздың дұрыстығын көрсетті. Түркі халықтарының шумерлерде негізі қаланған тәңіршілдік дүниетанымының маңызы «Әлем» моделін түсінуде өте жоғары болғандығына көз жеткіздік.

Зерттеу жұмысында шумерлер мен түркілер танымындағы «Әлем» бейнесі қарастырылды. Ежелгі адамдардың дүниетанымындағы әлем бейнесін анықтауда шумерлердің танымының нысан ретінде алынуының себебі шумерлер- әлемге атағы жайылған, дала өркениетін жасаған, алғашқы жазу түрлерін ойлап тапқан, астрономиялық ілімді меңгерген алғашқы халықтың бірі. Космогония – әлемнің, соның ішінде Күннің, Жердің, Ай мен жұлдыздардың қайдан шыққаны туралы ілімнің негізін салғандар да шумерлер болды. Ежелгі адамдардың дүниетанымында «әлем» түсінігі «көк аспан», «жеті қабат жер асты», «байтақ дала» делінетін үш тармақты танымнан тұратын ұғымдармен байланысты. Осылардың ішінде «көк аспан» да, «жеті қабат жер асты» да, «дала» ұғым-түсінігі де шумерлердің танымында жалпыадамзаттық құндылықтар жиынтығы ретінде танылған. Оны шумерлердің ежелгі эпосы «Гильгамештің» мазмұнынан аңғарамыз.

Поэмалардың негізгі сюжеттері құдайдың жасалуы, адамның жаратылуы, жер ісі мен мәдениеттің жасалуы, жер қожасы мен мал құдайларының күресі, су тасқыны т.б. Шумерлердің наным-сенімінің қарапайым, жабайы емес екендігін поэма сюжеттері көрсетеді. Олар шумерлердің терең ақыл-ойын танытады. Табиғаттың күші мен тұрмыстың сипатын бірлікте, тығыз байланыста байқаған, табиғат пен адам тіршілігі

жайлы ой толғаған. Гильгамештің халқы үшін ерлік істерге баруы, жерұйықты іздеуі Қорқыт поэмаларын еске түсіреді. Эпоста Гильгамештің досы Энкиду еркіндіктің символы «Даланы» басты құндылық ретінде қастерлейді. Құндылықтар – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін анықтайды. Құндылыққа ешқашан күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» делінген анықтамада [10, 156].

Қандай адам болмасын, оның өмірі, философтардың айтуында үш дүниенің бірлігінде өтіп жатады: 1. Бізді жасаған дүние – табиғат. 2. Ғасырлар бойы өзіміз жасаған дүние – қоғам. 3. Адамның ішкі рухани дүниесі [11]. Антропологиялық зерттеулердің өзегіне айналған үш тармақ: *кеңістік (табиғат) + адам+қоғам* бірлігі – осы ілімнің туындысы. Олардың бірлігі материяның қозғалысы мен дамуынан көрінеді. Кеңістік және уақыт материядан тыс жеке дара өмір сүрмейді» [12, 219].

Осы құндылықтар туралы Г.Қосымова мен Ә.Задаханованың авторлығымен жазылған «The concept of "Steppe" in the Kazakh worldview» (Көшпенділер дүниетанымындағы «Дала» концептісі) деп аталатын мақаласында талданды. Мақала Абылайхан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ Хабаршысында басылып шықты. Мақала бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі «Дала» және оның синонимі болатын «Ауыл» концептісіне арналады. Дала ұғымы көшпенділер мен қазақтың дүниетанымында өте қасиетті, ол халықтың әлем туралы түсінігінің бір тармағы ретінде ұғынылады. Даланы қадірлеуден туындаған көптеген бейнелі сөз қолданыстары – ұлы дала, байтақ дала, сар дала, жұмақ дала, жазира дала, жер ана мыңдаған жылдар ел аузынан түспей келеді. Қазіргі адамдардың далаға деген саналы көзқарасын қайтадан қалпына келтіру үшін, даланың елдің әл-ауқатын арттырудағы, экономикалық өсуіндегі рөлін көрсету үшін осы тақырып зерттеу нысаны етіп алынды. Қазақ халқының ерте кездегі көшпелі өмірінің бекер еместігін, қыста қыстауды, жазда жайлауды, күзде күзеуді жайлаған өмір салты өздері қасиет тұтқан жер ананы сақтап қалу, құнарлылығын жоймау, аздырып- тоздырмау мақсатында болғандығын дәлелдеу болды. Әлі де болса, адамдардың борышы мен міндеті адамға табын жер енді емес, керісінше, жерге табын адам енді қағидасын бүгінгі күннің басты ұстанымына айналдыру қажеттілігі туындап отыр.

Мақалада ауыл мәніндегі Дала концептісі әрі метафизикалық, әрі ұлттық-мәдени, әрі эмоционалдық таным тұрғысынан қарастырылып, дала барлық адамдар үшін, әсіресе, қазақтар үшін идеал, эталон саналған ұлттық құндылықтар жиынтығы ретінде пайымдалды. Дала концептісін құрайтын микроконцептілер мен оған енетін фрейм-

сценарийлер анықталды. Мақалада көшпенділер мен қазақ танымындағы Дала ұғымы жан-жақты ашылып, өміршең тұжырымдар жасалды.

Зерттеу жұмысында көне түркілердің құндылықтар туралы дүниетанымы шумерлермен байланысты ашылады. Шумерлер мен түркілердің арасында байланыс бар екендігін олардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптарынан көруге болады. Бүгінгі күні түркі ғалымдарының, соның ішінде қазақ ғалымдарының назарын аударып жүрген өзекті мәселе – түркілер мен шумерлердің арасындағы байланыс, жақындық мәселесі. Шумерлердің дүниетанымындағы құндылықтарды тану, шумерлердің тілі мен мәдениетін, жазуын «әлем» бейнесі тұрғысынан сөз ету – түркілердің мәдениетін ең ежелгі адамдардың мәдениетіне дейін жеткізіп, түркі халықтары мен түркі тілінің жасын ұзарту болмақ. Бұл мәселе төңірегінде Г.Қосымованың «Yeni Türkiye-Kazakistan özel Sayisi II» деп аталатын кітапқа енген «Sümer ve türk dillerinin benzerliği sorunu: türk bilim adamlarının görüşleri» деген мақаласында жан-жақты айтылған.

Күллі жер жүзі халқы өздерінің өркениетке қосқан үлесін жарияға жар салып жатқан кезде, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызды жаңғыртып, өркениеттер тарихынан алатын орнымызды анықтайтын кез жетті. Қазіргі мақсат – түркі өркениетіне тиеселі шындықты орнықтыру, екіншіден, адамзат мәдениетін бірлігіне көз жеткізу. Жер шарында «адамзаттың ұлы көштері» орын алған мекен ретінде ғылымда Ұлы Дала Қазақ жері де таныла бастады. О.Сүлейменовтің «Сөз коды» кітабында: «Адамзат қоныстанған жерлерде мыңдаған диалектілер өрбіген тіл туды; рухани және материалдық мәдениет пайда болды. Ойшыл Адам Ақыл иесі болды» делінген [5,3].

Қазақ ғалымы А.К.Нарымбаеваның «Туран - колыбель древних цивилизаций» атты еңбегі ғылыми кеңістікте әділ тарихи бағасын ала алмай жүрген түркі халқының әлемдік өркениеттің түп қазығы болып, бүкіл адамзатқа мәдениет, технология, ғылым, білім, жазу, діни наным-сенімдерді алып келген халық болғандығын ұлы тұрандықтардың ата мекенінде отырған өз халқына дәлелдеп берді. [11,310]. О.Сүлейменов «АЗия» атты еңбегінде адам, табиғат, құдайға байланысты қатысты 60 сөзді салыстырып, көп ұқсастықтарды табады [12].

Шумер тілі мен түркі тілдерінің тарихи байланысын алғаш анықтаған түрік ғалымы Осман Недим Туна болды. Г.Қосымова О.Н. Тунаның еңбегіне сүйеніп, оқырмандарға жоғарыда айтылған пікірлердің шынайылығын дәлелдеу үшін, Туна сөздігінде кездесетін тарихи сөздердің мағынасын көне түркі тілі материалдары негізінде ашып, түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы қыпшақ, соның ішінде қазақ тілінде қолданылатынын дәлелдеді [13].

Шумерлер мен көне түркілер дүниетанымындағы «Әлем» концептісі туралы талдаулар Г.Қосымова мен Алия Задаханованың авторлық бірлестігіндегі «Понятие «Мир» в шумерском и тюркском сознании» деген мақаласында кеңінен көрсетілген. Аталған мақала Түркияның Стамбул қаласында өткізілген халықаралық конференция жинағында басылды. Ғалам бейнесі – адам, адам болмысының, оның дүниемен қарым-қатынасының, адамның тіршілік жасауының түрлі ерекшеліктерін білдіретін түсінік. Адамдардың әлемді қабылдап тануының, түсінуінің, әлемге деген өз көзқарасының, әлем жайындағы түсініктердің түп негізінде әлемнің көрінісі жатады.

Ежелгі замандағы ата-бабалар әлемді қалай таныды, онымен қарым-қатынасы қандай болды деген сұрақтардың төркінін көне мәтіндегі тілдік құрылымдардан таба алдық. Зерттеу барысында әлем, дүние, кеңістік туралы адамзаттың ортақ, сабақтас түсінік-танымы болумен бірге, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, ортасы, шаруашылығы, дүниетанымына сәйкес бір-бірінен өзгешеленіп жататын ұлттық «Әлем» кеңістігі болғандығына көз жеткізілді.

Ежелгі түркілердің – сақтар мен ғұндардың, «көк түріктер» мен қыпшақтардың «Әлемді» тануы мен ежелгі наным-сенімдері туралы да осыны айтуға болады. Олардың басынан өткен тарихи кезеңдері мен халық болып ұйысу, даму үдерістері азды-көпті көне әдебиет нұсқаларында сақталған. Тіл мен ұлттық әдебиет тарихындағы көне түркі әдеби жәдігерлерінің орны мен маңызы туралы Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың: «Қазақ әдебиеті – халқымыздың сан ғасырлық тарихымен біте қайнасқан асыл қазына. Тұтас түркінің ортақ мұралары «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған» жырлары мен «Қорқыт ата кітабы» - әдебиетіміздің түп-тамыры» [14,215], - деп ой түюі – ежелгі мұраларды әр қырынан, әр алуан аспектіде зерттеудің қажеттілігін білдіреді.

Зерттеу жұмысының осы тарауында ежелгі түркі жұртының дүниетанымындағы «Әлем» концептісі зерделенді. «Әлем» концептісі қоғам өзгерісімен, діни-наным сенімнің жаңаруымен үнемі дамып отыратын ежелден бүгінге жеткен дүние, қоршаған орта туралы дүниетаным жиынтығы деп білеміз. Сондықтан «Әлем» концептісі тұйықталған түсінік емес, күрделі үдерістерді өткерген, өзге дүниелермен органикалық тығыз байланыстағы ілгерілеуші ұғым болып саналады. Энциклопедиялық анықтамалықта «әлем» - араб сөзі, жарық дүние, дүние, халық, бұқара, қауым тәрізді тұтастық ұғымды бейнелейді. Жалпы алғанда, «Әлем» мағынасы кең ұғым. Дәстүрлі дүниетанымда жер жүзі, жеті қабат жер асты мен жеті қат көктен тұрады. Сондай-ақ әлем адамзат әлемі, табиғат әлемі, рухани әлем тәрізді жиынтық мағынаны да білдіреді. Дәстүрлі дүниетанымдағы әлем жайындағы ұғымдар тілде көрініс тауып орнықты. Көне түркілер дүниетанымындағы Әлем моделіне қатысты ұғым-түсініктердің тілдегі

вербалды көрінісі фразеологизмдер мен символдар арқылы анықталды. Г. Қосымованың «Әлем бейнесіне қатысты ұлттық танымның фразеологизмдерде берілуі» деген тақырыпта жазылған мақаласы –осының айғағы. Мақала «Э.Р. Тенишев әлемі: ғылымдағы ғұмыр» халықаралық конференция жинағында басылып шықты.

Бұл мақалада өзекті мәселе етіп әлем бейнесіне қатысты ұлттық танымды бейнелейтін фразеологизмдердің қыр-сыры, пайда болу себептері қарастырылды. Халықтың бақылауы мен өмірлік тәжірибесінен туындаған фразеологизмдер – Әлем бейнесін айғақтайтын концептілік тұжырымдар. Халқымыздың ежелгі дәуірден бері қарай көнетүркілік сананың жүгін арқалап, мәдени-рухани танымынан хабардар ететін фразеологизмдер мақалада әрі «ой елегінен өткізу» деген мағынаны білдіретін метафизикалық, әрі ұлттық-мәдени, әрі эмоционалдық таным тұрғысынан түсіндірілді.

Аз сөзбен көп мағынаны жеткізетін фразеологизмдердегі әлем түсінігі көк аспан, жер асты, байтақ дала делінетін үш тармақты танымнан тұратын ұғымдармен байланысты ашылады. Фразеологизмдердің астарлы мағынасында жатқан ұлттық танымның өзгермей, жоғалмай ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатуы – адам үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуында.

Адамды қоршап тұрған дүниемен тығыз байланыста қарастыратын онтология ғылымының тұжырымдары мақалада талданған фразеологизмдердің мағынасын құрайтындығына көз жеткізілді. Қандай адам болмасын, оның өмірі, философтардың айтуында үш дүниенің бірлігінде өтіп жатады:

1. Бізді жасаған дүние – табиғат. 2. Ғасырлар бойы өзіміз жасаған дүние – қоғам. 3. Адамның ішкі рухани дүниесі. Антропологиялық зерттеулердің өзегіне айналған үш тармақ: кеңістік (табиғат) +адам+қоғам бірлігі – осы ілімнің туындысы екендігі фразеологизмдерді талдау барысында нақтыланды. Келтірілген әлем бейнесіне қатысты фразеологизмдердің басым көпшілігі Аспан әлемі, Дала концептісіне қатысты екендігін байқауға болады. Аспан әлеміне қатысты фразеологизмдер халықтың наным-сенімін, тілек-көңілін білдіретін болса, Дала концептісіне қатысты фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігі мен күн көрісін, табиғат пен адамның бірлігін жеткізуге арналған. Талдау нысаны етіп алынған фразеологизмдер І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деп аталатын еңбектен алынды [15].

Қазіргі уақытқа дейін тылсым сыры, жұмбағы мол әлемді адамзат сонау ежелгі заманда тануға ұмтылған. Адамның ой-санасының жетілуінің маңызды бір көрінісі – жаратылыс, қоршаған орта, дүние туралы аңыз-мифтердің пайда болуы. Көне түркі халқы да ежелгі заманда жаратылыстың пайда болуы, өздерінің шығу тегі жөнінде миф-аңыз әңгімелер шығарған. Миф-аңыз іздері түрлі жолдармен – тастағы таңбамен,

археологиялық қазба жәдігерлерімен, әр алуан көне жазбалармен бірін-бірі толықтырып, бізге жетіп отыр. Ежелгі заманнан хабар беретін жәдігерлерді ғылыми саралау, зерделеу негізінде байырғы түркілердің «Әлем» туралы түсінігі мен наным-сенімін, соған қатысты атқарылған түрлі жөн-жоралғыларын, оның күні бүгінге дейінгі сабақтастығын тануға болады. «Миф деп отырғанымыз, –дейді С.Қасқабасов, – дүниенің, жаратылыстың әртүрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын шығармалар» [16, 8].

Г.Қосымованың «Қазақ этносының Әлемді тануының методологиялық алғышарттары» деп аталатын мақаласында осы және өзге мәселелерге назар аударылады. «Методологиялық тұрғыдан көшпелі қоғамды жаугершілікпен тығыз байланыстыру оң нәтижелі болмайды деп ойлаймыз. Қазақ халқының ұлт ретінде тал бойында бүгінгі күнге дейінгі сан ғасырлық жүгі барын білеміз деген А.Сейдімбектің [17,12] пікірінің орынды екенін осы мақалада этногенездің ойлау жүйесі, дүниетанымы, наным-сенімі, құндылықтар тұрғысынан талдауда көз жеткізілді. Мақалада Халықтың мифологиялық көзқарасы оның дүниетанымының қалыптасуына іргетас ретінде қызмет атқарғандығы, сондықтан ұлттық сананың қалыптасуында алғашқы мифологиялық көзқарастың маңызы зор екендігіне баға берілді.

Ғылыми жоба тақырыбына орай көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Әлем» концептісінің бейнеленуіне қатысты отандық, шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізге алынды. Көк түріктердің дүниетанымында «Табиғат» концептісінің орны айрықша. Олардың әлем кеңістігі туралы түсінігінде ғарыштық бейнелердің, «Көк бөрі» концептісінің сыры терең. Осы және өзге де мәселелер сақ-ғұн, көк түрік дәуіріндегі әдеби мұралар негізінде зерттелінді. Көк түріктер кезіндегі дүниетаным, наным-сенім қазіргі уақытта біржола жойылып кеткен жоқ, біздің қанымызда әлі күнге дейін жасап келеді. «Тәңір жарылқасын» - «Алла жарылқасын», «Тәңірі қолдасын» - «Алла қолдасын» қатар қолданылады.

Отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерін негізге ала отырып, жобаның жетекші ғылыми қызметкері С.Құлбарақтың «Оғыз қаған» дастанындағы «Әлем» концептісінің бейнелену ерекшелігі» тақырыбында «Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы және ұлттық құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда ғылыми баяндама жасады, баяндама мәтіні жинақта жарық көрді. Аға ғылыми қызметкер Н.Қалиеваның мақаласы халықаралық ғылыми теориялық конференциялар жинақтарында жарық көрді.

Ежелгі түркілердің Тәңірлік түсінігі бүкіл халықтың сана-сезіміне, дәстүр-салтына, жады мен қанына терең сіңген. Мұның негізі көптеген зерттеулерге арқау болды. Ә. Марғұланның, Қ. Өмірәлиевтің, Н. Келімбетовтің, С. Қасқабасовтың, Қ. Салғараұлының, Қ. Сартқожаұлының, Ж. Аймұхамбеттің т.б. еңбектерінде бұл мәселелер әр қырынан талданған. Ежелгі түркілердің дүние кеңістігі туралы түсініктері өзіндік ерекшелігімен көрінеді. «Түріктердің дүниетанымының бастау бұлағы, қайнар көзі – табиғат» [18, 118 б.] болды дейді ғалым Қ. Сартқожаұлы «Орхон мұралары» зерттеуінде. Көне түркілердің салт-дәстүрі мен наным-сенімі табиғатпен бірге қалыптасқан. Әр малдың киесі бар деп ұлықтап, жер-судың киесі деп талбесік табиғатты аялаған. Күнге табынған [19,14]. Міне, осы және өзге де ғылыми концепциялар зерттеу жұмысының басты тұжырымына негіз болды.

1-кварталда календарлық жоспарға сәйкес көне түркі дүниетанымындағы «Әлем» моделіне қатысты ұғымдар шумер және көне түркі дүниетанымымен салыстыру, жүйелеу, олардың тілдегі көрінісін айқындап, алынған нәтижелер негізінде халықаралық және республикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасалды.

I. Көзделген мақсатқа жету үшін шумерлер дүниетанымындағы «Әлем» моделіне қатысты ұғымдар мен көне түркі халықтарындағы «Әлем» моделіне қатысты ұғымдарды анықтау; анықталған ұғымдардың тілдегі көрінісін нақты деректер арқылы көрсету міндеттері қойылды. Календарлық жоспарға сай зерттеу жүргізу нәтижесінде Стамбул қаласында ұйымдастырылған (Түркия) 4-ші Аясофья халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына А.М. Жалалова, Н.Ш. Қалиева қатысып, баяндама жасады. А.М. Жалалова «Көне түркілік дүниетаным түркі әлемі тілдік бейнесінің негізі ретінде» тақырыбында авторлық бірлестікте дайындалған мақаласын, ал Н. Калиева «Шумер және көне түркілер дүниетанымындағы әлем моделінің ізі» («Следы модели мира в шумерском и древнетюркском мировоззрении») деп аталатын мақаласын жариялады.

Шумерлердің дүниетанымына сәйкес ғаламның/әлемнің негізгі элементтері Жер мен Көк болды; шынында да, әлем/ғалам сөзі «an-lil», «жер-аспан» деген мағынаны білдіретін күрделі сөз болды. Олар жерді жалпақ, жалпақ диск, ал аспанды жоғарыдан және төменнен күмбез түріндегі тұтас бетпен жабылған қуыс жер деп есептеді. Аспан мен жердің арасында олар «lil» деп атайтын оның ең мағынасы «жел» сөзіне (ауа, тыныс, рух) келетін бір тылсым күш бар деп сенді.

Өз құдайларын «діңгір-тәңір» деп атаған шумерлер Әлемнің жаралуының басын «An-Ki» деп білген. «Аны» — аспан, «Киі» — жер, демек олар көк иесіне «An» деген, ал жер иесіне «Ki» деген атақ берген. Зерттеушілердің пікірлерін тұжырымдай отырып,

шумерлер дүниетанымы негізінде «Әлем» моделін «Аспан мен Жер», «Кұдай», «Теңіз», «Күн», «Жұлдыздар», «Табиғат», «Адам» ұғымдары топтастыратындығын анықтадық.

Түркі мифологиясына тән басты сипат – табиғатты тірі рух түрінде қабылдап, құрметтеу. Табиғатты құрмет тұту түркі халықтары мифтерінде ерекше орын алады. Ш. Уәлиханов шамандық туралы айта келіп, оның дүниеге келуі табиғатқа жалпылай және жекелей сыйынумен байланысты дейді. Табиғаттағы зат пен құбылыс атаулы адам сияқты түйсінеді, тіршілік етеді деген түсініктің өзі табиғат пен рухты тең деп түсіну сенімімен туындаған.

Түркі халықтары мифологиясында бұл танымды көрсететін мифтік образдар – аспан-әке-Тәңір мен жер-ана Ұмай. Келтірілген мысалдарға назар аударсақ, әлемнің жаралуы туралы мифтік дүниетанымдарда еркектік және әйелдік бастау тұрғаны мифологиялық түсініктердегі ұқсас сипаттардан байқалады. Түркілік дүниетанымда жер, су, отан – құтты, киелі болып есептелген. Туған жердің әр пұшпағына Жер-ана деп мән берілген. Н.Қалиева мен А.Жалалованың «Түркілік танымдағы «Жер-ана» концептісінің берілу сипаты» (Природа концепта «Мать-Земля» в тюркском познании) деген мақаласы осы ұғым-түсініктерді талдауға арналған. Мақала Түркияның Нийде қаласындағы Нийде Омер Халисдемир университеті ұйымдастырған халықаралық симпозиумда жарияланды.

Түркілер дүниетанымындағы ғажайып мекен «Жерұйық», «Өтүкен» сипатында көрініс береді. Тәңір құтының шоғырланған жері – Жерұйық. Ежелгі түркі аңыздарында Жерұйық “орталық, кіндік” мағынасындағы символдармен берілген. Желмаямен шартарапты кезген Қорқыт пен Асан Қайғының елі үшін жерұйық іздеуі – утопия емес, дәстүрлі түркілік дүниетанымның ділдік-ойлау әлемінің ақиқаты. Жерұйық – әлі күнге дейін тарихи функциясын жоғалтпаған дәстүрлі Түркілік дүниетанымда Тәңірге барар “орталық жолдың” болып табылған.

Түркілік дүниетаным негізінде бәйтерек ғаламның үш қабатын жалғастырушысы болып есептеледі. Яғни аспан, жер, жер асты. Үш ғаламды жалғастырушы деген мәнге ие бәйтерек ағашы киелі болып есептеледі.

Әлем ағашы түркі мифологиясы мотивтерінен қазақ фольклорына Бәйтерек түрінде келді. Шумер дүниетанымы мен ескі түркі дүниетанымының тоғысатын тұсы бұл Жер, Су, Тәңір, Кұдай, Ана ұғымдарының маңызды рөл атқарғандығы деп пайымдауға болады.

1-кварталда календарлық жоспарға сәйкес көне түркі дүниетанымындағы «Әлем» моделіне қатысты ұғымдар шумер және көне түркі дүниетанымымен салыстыру, жүйелеу, олардың тілдегі көрінісін айқындап, алынған нәтижелер негізінде халықаралық және республикалық конференцияларға қатысып, баяндама жасау жоспарланған еді.

Жоспар толығымен орындалып, шумерлер дүниетанымындағы «Әлем» моделіне қатысты ұғымдар мен көне түркі халықтарындағы «Әлем» моделіне қатысты ұғымдар айқындалып, анықталған ұғымдардың тілдегі көрінісін нақты деректерге сүйене отырып, салыстырмалы түрде бағамдалды.

2.1 Көне түркілердің Әлемге қатысты философиялық көзқарастары мен дүниетанымына, аялық біліміне талдау жасау. Ежелгі және көне түркі дәуіріндегі адамдардың дүниетанымындағы адамгершілік, туыстық, достық, құрмет, бай, кедей, табиғат, түс, тәңір, өмір концептілерін кейінгі дәуір мұраларымен салыстыра талдау, жаңғыру жолдарын айқындау

Философиялық антропология көзқарасы тұрғысынан алып қарағанда, адам биологиялық та, психологиялық та құбылыс емес, метафизикалық жаратылыс. Ол ғылымның түсіндіруі бойынша, адам өзінде метафизикалық өлшемді ашса ғана адам болып қалыптасады. Метафизикалық өлшем дегеніміз – жаратылыстан жоғары өлшем. Адамның метафизикалық әрекеті, ол – таным. Өзін еркіндікте сезінетін адам ғана өзін өзі және қоршаған ортаны тануға ұмтылады. Айналасын тереңірек танып-білу арқылы өзінің әр күнгі іс-әрекетін жетілдіріп, алға ұмтылумен болады.

Аристотельдің айтуында, адам ақылы даралық емес, әлемдік ақыл-ойдың бөлшегі. Адам баласы ұмтылған бақыт тек көңіл күйде болады және ол ізгілікпен тікелей байланысты. Аристотель ізгілікті адамның оның болмысына сәйкес келетін күйі деп түсінеді. Іштей ізгі қасиеттерді бойына сіңірген адам ешқашан жамандық жасамайды, тағдырдың небір бұралаңдығынан бақытсыз болмайды. Этикалық қасиеттерге сай әрекет ету арқылы адам бақыт табады. Бақыт іс жүзінде емес, тек даналықпен беріледі. Даналық барлық ізгі қасиеттерден жоғары тұрады. Даналық – жанның парасатты бөлігінің қасиеті. Бұл қасиет тек Аллаға ғана тән. Ол өз-өзіне ой салады, сондықтан адамның ең жоғары қасиеті – Құдайды ойлау [20].

Зерттеу жұмысында көне түркілердің дүниетанымындағы Адам мен Әлемнің бірлігі туралы тұжырымы бұрынырақ Аристотель айтқан, кейінірек көне түркілердің абыздары мен ойшылдары, кемеңгер даналары және әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн, Ә.Науаи, Ю.Эмре, Абай айтқан даналық ойларда, алдымен Құдайды, сосын жалпы адам баласын, ұлтты, елді, жерді, табиғатты сүюдің ізгілігінде жатқандығын ашуға тырыстық.

Ғылыми жобаның тақырыбына негіз болған мәселелердің қажеттілігі және рухани мұралардағы сабақтастығы туралы академик Р. Нұрғалидің тұжырымдарын зерттеу барысында ескердік: «Елдік, азаттық, тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін қағанды

құрметтеу, ақылгөйді тыңдау, қажет болғанда төнген қауіпке қарсы аттанып, малды-жанды аямай басыңды бәйгеге тігіп, қаптаған қалың жаумен соғысу, тіпті сол жолда мерт болу, батырлық рухты мадақтау, ердің қанаты – атты жырлау, қару-жаракты айту, жер-су аттарын, болған оқиғаларды, тарихи есімдерді дәл көрсету, түркі халықтарының кейінгі эпикалық туындыларына өзек болған сан-алуан ойлардың, сарындардың, мотивтердің қайнар көзі – мәңгі тасқа түскен жырларда жатыр. Тасқа қашалған көне сөздің алтындай жалт-жұлты, қорғасындай салмағы, теңіздей терең мағынасы, афористік-философиялық қуаты жүрегінді елжіретіп, жан-жүйенді билейді. Мың сан әуез, көл дария сарын, миллион толқын ішіндегі күретамыр: ел ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы» [21,150]. Тәңірлік дәуір әдебиетіндегі елдік, тәуелсіздік желісі қазіргі уақыт үшін де маңызды құндылық саналады.

Жоба жетекшісі, бас ғылыми қызметкер Г. Қосымованың «Alisher Navoiyning “Saddi Iskandariy dostonidagi "Komil inson"tushunchasi” (Әлішер Науаидің «Ескендір қорғаны» дастанындағы «Кемел Адам» концептісі) атты мақаласында «Адам» ұғымының мәнін оның уақыт пен кеңістікке, болмысқа қатысты ойлау жүйесі, саналық деңгейі құрайды. Саналы адам түсінігі оның танымдық деңгейінің тереңдігінен, белгілі бір оқиғаларды уақыт пен кеңістікке сай әділ бағалауынан көрінеді. Әлемге белгілі тарихи тұлғалардың даралық қасиеті оның интеллектуалдық және эмоционалды менталды қырын танып- білумен қоса, оны уақыт пен кеңістік тұрғысынан пайымдай алу қабілетінен туындайды. Ойшыл адамдар тек ақиқат дүние ортасында ғана емес, өздері жасаған идеалды әлемінде де өмір сүреді. Әрбір кезең, әрбір дәуірдің өзді-өзіне тән ақиқат дүние туралы білім жүйесі болады. Осы жерде академик Рахманқұл Бердібаевтың кітаптың алғы сөзінде берген пікірін айта кеткен жөн: «Тұранға тәуелді көптеген елдерде түркі-қыпшақ тілінің өрісі Еділден Египетке дейінгі атырапқа жайылса, Әмір-Темір дәуірінде түркі тілінің қадірі қайта көтеріледі, сапалық жаңа биікке шығады. Тұран мен Қорасанда бұл бағытта талай-талай ғалымдар мен шайырлар қажырлы қызмет етеді. Сонымен түркі тілдес әдебиет пен мәдениеттің дәуірлеуіне негіз болған бірнеше жағдайды бөліп айтуға болады. Олар: Тұранның қуаты мен айбынының өсуі, мемлекет байтағына (астанасына) заманындағы білімдар, түрлі пән, өнер адамдарының шоғырлануы, адамзат ақыл-ойының жемісін түркі тілінде сөйлетудің қажеттігі тууы, өзге жұрттардың осы тілді игеруге саяси, әкімшілік қажеттері жағынан мүдделі болуы» [22,6]. Осы ақиқат түркілер дүниетанымы туралы білім жүйесінде халықтың өзіндік мәдени-рухани, адамгершілік, кісілік қасиеттердің болмысын бейнелеуге атсалысты. Орта ғасырлық түркілік ортаның ментальды болмысын көрсететін символдық концептілер жүйесі ойшыл адамдардың еңбектерінде танылды. Сондай символдық

концептілер жүйесінің ең басында «Кемел Адам» концептісі тұр. Себебі адамның, әсіресе тарихта ізі қалған тарихи тұлғалардың болмыс туралы пайымдаулары, мәдени рухани ұғым-түсінігі іс-әрекетпен астарласып жатады. Жан-жақты жетілген «Адам» туралы тұжырымдар адамзаттық құндылықтарды тани алу, сақтай алу, дамыта алу әрекеттерін талдап қорытудан тұрады. Жұрттың көңілінен шыққан пайымдаулар адам баласын кісілікке бастап, санасын жетілдіретін тәрбие құралына, «өмір оқулығына» айналады.

Әлішер Науаи танымынан туған дастандарында аса маңызды әлеуметтік, философиялық, адамгершілік, тәрбиелік мәселелер көтерілген. Академик Рахманқұл Бердібаев: «Бұл шығармалардың өшпес мәні адамгершілік сұраулары мен мұқтаждарына жауап айта алуында, адамзаттың өмір оқулығына айналуында» деген еді [23]. Дастанның негізгі идеясы «елден ерекше жаралған, кісілік қасиеттері мол, жан-жақты жетілген» адамның өмір жолын, атқарған істерін баяндау, оны басқаларға үлгі ету. Билік басында отырған даралық қасиеттерге ие патшаның бейнесін жасау. Ел бақыты жолында күрескен шыншыл, ақылды, қайырымды, жұрттың мұңы мен мұқтажын түсінетін елбасшының үздік бейнесін жасау еді. Дастанда көрініс тапқан тағы бір микроконцепті ол – «бірлік, татулық» тұжырымы. Дастанда ақиқат та, байлық та, батырлық та, мәрттік те, жомарттық та, ізгілік те оқығалар желісі арқылы суреттеліп берілген. Мұндай ұлы шығармалар халқын сүйген ұлы жүректен ғана туады.

Осылайша көне түркілердің әлемге қатысты философиялық көзқарастары мен дүниетанымдық аялық білімдері талдау нысанына айналды. Көне түркілердің дүниетанымындағы мораль, туыстық, достық, сыйластық, құрмет, байлық пен кедейлік, табиғат туралы ұғым-түсініктері талданады. Осы мәселелер төңірегінде аға ғылыми қызметкер Н. Қалиеваның «Интерпретативное поле концепта «Родство» в древнетюркском и современном казахском языках» деген тақырыптағы мақаласы Анкарада өткен халықаралық конференцияда баяндама жасалып, мақала жинақта жарық көрді. Аға ғылыми қызметкер А. Жалалованың «The world picture and system of concepts» тақырыбындағы мақаласы, аға ғылыми қызметкер А. Задаханованың «Verbalization in the linguistic consciousness of the concept *Friendship* in the ancient turkic worldview» деген тақырыптағы мақаласы III заманауи ғылыми зерттеулердің Стамбул халықаралық конгресі. Гедик Университеті, 06-08 мамыр 2022 ж. Стамбул, Түркия. жарияланды. А. Задаханованың «Көне түркілер дүниетанымындағы «Байлық» концептісі» деп аталатын мақаласы Түркияның Анкара қаласында өткен халықаралық конференция жинағында жарық көрді.

Жоғарыда аталған мақалаларда көне түркілер танымындағы әлем және жетілген адамға қатысты концептілер жүйесі талданады. Әлем туралы түсінік әруақытта адам танымымен байланыста қарастырылады. Жетілген адам танымындағы дұрыстық, жақсылыққа ұмтылу, адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, бақытқа қол жеткізу сияқты ұстанымдар әлемді түсінуден, табиғатты сүюден, құтты қонысқа қол жеткізу мақсатына ұмтылудан туындайтындығы белгілі. Сондықтан ежелгі түркілердің дүниетанымындағы «Әлем Адам Еркіндік» ұғымдарының тұтастығы ажыратылмай бірлікте алынып қарастырылады.

Жоба жетекшісі, бас ғылыми қызметкер Г. Қосымова мен жетекші ғылыми қызметкер С. Құлбарақтың бірлескен авторлығымен «Kültegin eserindeki Dünya kavraminin tasvirii» деген тақырыпта Түркияның Анкара қаласында өткен IV халықаралық конгресте баяндама жасалып, презентацияланды. Баяндама мәтіні мақала ретінде жинақта басылып шықты. Бұл мақалада Күлтегін жырындағы Әлем концептісін бейнелейтін ұғым-түсініктер талданды. Күлтегін жыры – Түрік қағанатының құрылуын, салтанат құруын, түрлі тарихи кезеңдерді басынан кешуін, ел басқарған белгілі тарихи тұлғалары мен батырларын сипаттайтын ғажайып мұра.

Жырдағы эпикалық кең құлаш, тарихилық, уақыт тынысын дәл сипаттау, ежелгі түркілік дүниетаным, бүгінгі уақытпен үндескен философиялық толғамды ойлар, композициялық жинақылық, ақ өлең үлгісіндегі ырғақ пен ішкі ұйқас, поэтикалық таным қуаты – түркі халқының шығармашылық мәдениетінің, дүниені тануының биіктігін танытатындығы сөз болады.

Ғылыми жобаның шетелдік орындаушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Гурер Гульсевин мен Сәмен Құлбарақтың бірлескен авторлығындағы ««Общие мотивы в эпических поэмах «Кюльтегин», «Бильге каган» и «Тоньюкук»: специфика древнетюркского мировоззрения (древнетюркская картина мира)» атты мақаласы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысында жарияланды. Мақалада Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жырларында түркі халқының дәстүр-салты мен мықты идеологиясы көрініс бергендігі талданды.

«Күлтегін» жырында халық басына төнген зардаптар ашық айтылады. Дүниеге, байлыққа қызығу – адамға опа бермейді. Алдамшы байлыққа ұмтылған халық – елдігін жоғалтады. Байлық – адамдар арасындағы қызғаныш пен қараниетті, ашкөздікті өршітеді. Өз басының пенделігі артып тұрған қаған мен бектен, халықтан мемлекетшіл қайраткер тұлға шықпайды. Бүтін бір алып мемлекеттің күйреуі де, жауына кіріптар, бағынышты болуы да осындай құныққан пиғылдан, қамсыздықтан бастау алады. Елін, халқын сүйген ыстық жүректің жалынымен түркі халқын, келер ұрпақты қауіп-қатерден

сақтандырады. «Әлем» концептісі жырда кейіпкерлердің тағдыры, дүниені тануы мен қабылдауы, басынан өткерген өмір талқысы мен арман-мұраты, іс-әрекеті арқылы шынайы көрініс бергендігі жыр мәтіні бойынша талданды [24].

Г.Қосымованың «Абайдың «Толық адам» тұжырымының бастау көздері» деген тақырыптағы мақаласы Яссауи университетінің Хабаршысында жарияланды. Бұл мақалада адамзаттық құндылықтарды негіз етіп алып, ұлттық кодқа айналдырылған тұжырымдар көне және орта дәуір ойшылдарының еңбектерінде көрініс тауып, кейінгі Абай шығармаларында жаңа сипатқа айналғандығы қарастырылады. Абайдың Толық адамы Алланы сүйген, адамды құрметтеген, кісілік қасиеттерді дәріптеген, жамандық пен жақсылықтың шегін айыра білетін, жомарттыққа жаны құмар, жүрегінің үніне құлақ түретін, әділдікті жақтаған, өтірік-өсектен аулақ, еңбекқор, елін сүйетін ұлтжанды, жетілген адам. Жетілуді зерттеушілер қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың қайырымдылығын айтады. Қайырымдылық адамдардың арлы, әдепті, мейірімді, жанашыр, әділетті болуынан түзіледі. Абай және Аристотель, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, А. Игүнеки еңбектерінде қайырымды адамдар – мемлекет мүддесін жоғары қоятын, адам тағдырына бей-жай қарай алмайтын, ақиқатты танып біле алатын, дұрыс ойлап, дұрыс шешім шығара алатын саналы адамдар. Толық адам моделінің табиғатын ашу, жетілген адамның дүниетанымындағы тереңдікті әр кезеңдегі рухани мұралардан іздеу, оларды этнос болмысымен, көркемдік әлемімен, бейнелі дүниетанымдық мәнімен байланыстыра қарастыру антропоцентризмнің өзекті мәселелеріне жатады. Толық адам бейнесін жасайтын образды сөздер мен фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, афоризмдер модельдеудің уәжі мен нысаны ретінде бағаланады. Абай дүниетанымындағы құндылықтар жетілген адамның саналы әрекеттерімен байланыстырыла қарастырылып, оның бастау көздері ретінде тарихи мұралар алынады. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жырлары мен Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанынан келтірілген афоризмдерде көтерілген ортақ мәселелерді топтастырсақ, бәрінде ортақ ойдың бар екенін аңғарамыз. Бұлар: халық пен ел билеушілерінің ара қатынасы, тоқшылық пен тыныштық, татулық пен ауызбіршілік, ақыл мен жүректің, ойдың бірлігі, қанағатшылдық пен тәубешілдік, достық пен сүйіспеншілік, тәуелсіздік пен еркіндік, дүниеқоңыздық пен тойымсыздық, ұлық болу мен кішік болу, өнегелі іс пен ізгілік, қайырымдылық пен жомарттық, т.б. Мұның бәрін қоссақ, идеалды адам қандай болу керек? деген сұраққа жауап аламыз деген тұжырым шығарылды.

Ғылыми жұмыстың есеп беріліп отырған тарауында көне түркілердің Әлемге қатысты философиялық көзқарастары мен дүниетанымына, аялық біліміне талдау жасау. Ежелгі және көне түркі дәуіріндегі адамдардың дүниетанымындағы адамгершілік,

туыстық, достық, құрмет, бай, кедей, табиғат, түс, тәңір, өмір концептілерін кейінгі дәуір мұраларымен салыстыра талдау, жаңғыру жолдарын айқындау жоспарланған еді. Жоспарланған істер толығымен орындалып, зерттеу нәтижесі халықаралық конференция материалдары мен журналдарда жарияланды.

2.2 Әлем моделін айқындау мәселелері бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыру

Әлем моделін айқындау, «Әлем» туралы ұғым-түсініктің жалпы түркілік және қазақ руханияты мұраларындағы берілу сипатын талдау. Жаңа Қазақстан құру жолында азаматтардың тарихи санасы мен ұлттық санасын жаңғырту, рухани құндылықтар жүйесінің «Әлем» концептісінде көрініс табуын және Адам + Табиғат+ Қоғам бірлігінің адамзат дамуына, мемлекеттің кемелденуіне, адам бойындағы саналылық, кісілік, сүйіспеншілік, береке-бірлік, татулық пен тұрақтылық, достық, бақытқа ұмтылушылық қасиеттердің бұрынғы және бүгінгі құндылықтарға айналуын анықтау мақсатында 2022 жылдың 11 қазанында «Санадағы жаңғыру: «Әлем» бейнесінің» рухани мұраларда берілу сипаты» тақырыбында Түркия, Қырғызстан, Ресей, Польша, Өзбекстан, Қарақалпақстан өкілдерінің қатысуымен Халықаралық конференция ұйымдастырылып, сәтті өтті. Халықаралық конференция тақырыбының өзектілігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» жолдауымен байланыстырылып, білім беру барысында жастар бойында Отаншылдық рухтың дәнін себуге бағытталған және жобаның маңыздылығын танытатын баяндамалар жасалды.

Конференцияның негізгі бағыттары:

1. Жаңа Қазақстан құрудағы тарихи және ұлттық сананы жаңғырту мәселесі
2. Рухани құндылықтар жүйесінің «Әлем» концептісінде көрініс табуы
3. «Әлем» концептісінде қамтылған Адам+Табиғат+Қоғам бірлігі тұжырымдарын оқыту тәсілдері болды.

Конференция Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқу ғимаратында онлайн-офлайн форматта қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде өтті.

Жоба мүшелері төмендегі тақырыптар бойынша баяндама жасады:

1. Гульсевин Г. «Шумер және түркі өркениетінің тілдік байланысы»
2. Қосымова Г. «Көне түркі жазбаларының зерттелу жайы»
3. Құлбарақ С. «Қорқыт ата кітабындағы «Бата», «Ер бала» концептілері»
4. Калиева Н.Ш. «Қожа Ахмет Яссауидың «Диуан-и хикметіндегі» әлемді қабылдауы»

5. Жалалова А.М. «Жүсіп Баласағұн шығармашылығындағы әлемнің тілдік бейнесі»

6. Задаханова А.А. «Көне түркілердегі монотеизм»

Конференция жинағының электронды нұсқасы:

https://drive.google.com/file/d/1OcmHkMkn9tC3Fclc3_nIGHvoV4qm1WyG/view?usp=sharing

g

Алыс-жақын шетелдерден конференцияға қатысқан қатысушылар тізімі Қосымша Ә 1-кестесінде ұсынылған.

3 «Түркі адамы» концептісінің ұлттық болмысы Гильгамеш, Орхон-Енисей, Қорқыт, Қашқари мұраларындағы адам және әлем модельдерін әлемдік және отандық ғылым тарихындағы зерттеулермен салыстыра қарап, көне түркілердің уақыт пен кеңістік туралы дүниетанымының құрылымдық ерекшеліктерін жіктеу

Әлемдегі әрбір тілдік құбылыстың табиғи сипатын оның тілдік заңдылықтарымен қоса ұлттық болмысына, дүниетанымына, салт-дәстүріне, наным-сеніміне қатысты қарастыру этнос өкілдері үшін тіл мен мәдениетті сабақтастықта зерделеуге мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ халқы үшін дүниеге шыр етіп келгеннен ананың әлдиімен басталып, адам өмірінің соңына дейінгі аралықтағы, басқаша айтқанда, тал бесіктен жер бесікке дейінгі ғұмырда санамызға сіңген ұлттық әдеп-ғұрып, салт-дәстүрдің тілде көрініс табуы адам дүниетанымын қалыптастырады. Сондықтан да әр халық өз дүниетанымын бағдарлауда түп тамырына барлау жасайды. Мұндай барлауды түркі әлемінің зерттеушілері Гильгамеш, Орхон-Енисей, Қорқыт, Қашқари, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Ж. Баласағұн сияқты ғұламалардың мұралары арқылы жүргізетіні белгілі. Ғасырлар бойы көшпелілер отырықшы халық үшін қорқынышты әрі жұмбақ, қызық әлем болып келгендігі тарихтан белгілі. Мұны Мурад Аджи өзінің «История тюрков» атты еңбегінде қысқа әрі нұсқа түрінде тарихи фактілерді келтіре отырып, жақсы түсіндіреді

[25]. Автор «Скифы – таинственный народ» мақаласында «С. И. Руденко өзінің қазба жұмыстарын жүргізіп жатқанда түркілердің мәдениеті туралы шындық айтылмады да, жазылмады да. Жабық тақырып. ... Бірақ скифтер туралы айтуға рұқсат берілді. Олардың қорымдары мен қорғандарын зерттеуге рұқсат берілді. Және ғалымдар айтты, зерттеді. Алайда барлығын емес. Мысалы қай тілде сөйледі, шыққан тектері кім? Бастысы олар кім болған? Бұл жабық тақырып ретінде жұмбақ күйінде қалды» деп келтіреді [25,46 б.]. Міне сондықтан да түркі әлемін танытуға бағытталған қандай да болмасын зерттеу өзекті мәселені қозғаған құнды жұмыс болмақ. Мысалы, сан ғасырлар бойы жабайы болып саналған түркі өркениетіне жоғары баға берген Калифорния университетінің профессоры Менхен-Хельфен Оттоның «История и культура гуннов» атты еңбегі түркі әлемін зерттеудің жаңа бағыттары мен мәселелерін алып келді [26]. Ал біз өз кезегімізде жоба аясында көнетүркі әлемін танытуға бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылды деп айта аламыз.

Отандық ғылым тарихында, оның ішінде қазақ лингвистикасы мен тюркологиясында шумер мәдениеті мен тілін зерттеп жүрген алдыңғы қатарлы ғалым, әрі жоба жетекшісі Г.С. Қосымованың жобаға дейінгі Шумер әлеміне қатысты ғылыми зерттеулері тақырыптың кеңінен ашылуына ықпал етті. Г.Қосимова Стамбулдың Kesit баспасынан шыққан «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. Шумерология және түркітаным мәселелері» атты кітабында автор шумерлер дүниетанымын бейнелейтін әлемге және адамға қатысты сөздерді көне түркілер тіліндегі сөздермен, сөз тіркестерімен салыстыра талдау жасайды. Мысалы: panga-йаңа (жақ, тұс), tur-йир (жер, мекен, жер жүзі), тул-йул (қайнар, бұлақ, жылға), гарим-арық (өзен, арық), ги-ы (ағаш, өсімдік, орман), гиш-йыш (орман, ағаш), гуд- уд (ірі қара мал), ун- кун (күн, ел- жұрт), уд-өд (заман, уақыт), ада- ада (ата), геме-әке (әпке), шулпаэ-чолпан (шолпан жұлдыз), булуг-булуң (бұрыш, түкпір), даг-тан (таң сәрі), алим-илик (ел басқарушы), дингир-тенри (тәңірі) тағы басқа жүздеген сөздерді шумер-көне түркі-қазақ тілдеріндегі мағынасы мен құрамын талдап көрсетеді. Осындай зерттеулерін басшылыққа алған ғалым монографияның «Шумерлердің «Гильгамеш» эпосы мен Орхон мұраларындағы «Адам-Әлем-Еркіндік» ұғымдарының сабақтастығы» тарауында жалпы түркі танымындағы орын, жер, киелі мекен ерекше екендігін зерттеу барысында Күлтегін мәтінінде кездесетін «Бұл киелі жер еді. Қазірде киелі жерге айналды. Осындай киелі жерге мәңгілік тас жасаттым, жаздырттым» деген тұсы мен шумер мәдениетіндегі өмір ағашының өзіндік сабақтастығын нақты дәлелдеген [27,45 б.]. Г. Қосимова Шумерлердің "Гильгамеш" эпосы мен орта ғасырлық түркі мұраларындағы дүниетанымды салыстырып, ортақ идеялар мен өмірлік тұжырымдардың, әдет-ғұрып пен салт-

дәстүрлердің бірдейлігін дәлелдеген. Түркі қоғамында Шумерлерге қызығушылықты тудырған ғалым Осман Недим Туна еді [28]. Осман Туна еңбектерін қазіргі ақпараттық технология заманында көпшілікке танытып жүрген ғалым Г. Гулсевин.

Жоба мүшесі Түркия профессоры Г.Гулсевин «Шумер мен түркі өркениетінің тілдік байланыстары» атты мақаласында Шумер мен түркі тілінің байланысының Түркияда зерттелуін қарастырып, Осман Недим Туна мен Ф. Хоммельдің зерттеулеріне тоқталған. Осман Туна түркінің 165 сөзі шумер тіліне қандай жолмен енгенін дәлелдеген пікірін жан-жақты талдап, оның дұрыстығын алға тартады.

Гильгамеш, Орхон-Енисей, Қорқыт, Қашқари және жалпы көнетүркілер мұраларындағы адам және әлем модельдерін отандық ғылым тарихындағы зерттеулерге шолуды Г. Қосымова «Көне түркі жазбаларының зерттелу жайы» атты мақаласында қарастырады. Мақалада автор М. Жолдасбеков, Қ. Мырза, Қ. Сартқожа, Ғ. Айдаров, Т. Еңсегенов және т.б зерттеушілердің еңбектеріндегі тарихи деректер мен ғылыми тұжырымдар, талдаулар ғылыми жобаның жүзеге асуына ықпал ететіндігін келтірген.

С. Құлбарақ жоба мақсатын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылған «Санадағы жаңғыру: «Әлем» бейнесінің рухани мұраларда берілу сипаты» атты халықаралық конференцияда «Қорқыт ата кітабындағы «Бата», «Ер бала» концептілер» тақырыбына баяндама жасап, Қорқыттың әр жыр соңында ел қорғаушы ер балалар мен қалың бұқараға беретін батасының астарында елді ұйыстырушы қуатты идеология бар екендігін анықтайды. Қорқыт Батасында айтылатын батырлық, данагөйлік, ақылдылық, білімдарлық, өршіл рух ер баланың жан серігі болуы керек деген қорытындыға келіп, бүгінгі жас ұрпаққа ел болашағы үшін осы қасиеттерді бойына сіңіру керектігін алға тартады.

Н.Ш. Қалиева «Әлем моделінің шумер және көне түркі дүниетанымындағы іздері» атты мақаласында отандық ғалымдардың шумер тіліне қатысты зерттеулері қарастырылған, сондай-ақ «Әлем» моделіне қатысты ұғымдардың тілдегі вербализациясы нақты деректермен көрсетіліп, шумерлер дүниетанымы негізінде «Әлем» моделін «Аспан мен Жер», «Құдай», «Теңіз», «Күн», «Космос», «Жұлдыздар», «Тау», «Табиғат», «Адам» ұғымдары топтастырылған. Мақаланың толық нұсқасының сілтемесі.

<https://www.istanbulkongresi.org/kongre-kitaplari>

А. Яссауи универсиеттінің хабаршысының 2023 жылғы №3(129) нөміріне жарияланған Г.С. Қосымова мен Қ.С. Телгожаеваның «The nature of linguistic units in the concept of "Human-World-Time" in M. Kashkari's work "Divani Lugat-it-Turk"» атты мақалаларында М. Қашқаридың нақылдар мен ақылдарында айтылған өсиет сөздер

негізінде жалпы адамзаттық құндылықтардың бүгінгі күндегі маңыздылығы қарастырылған. Мақалада Адам ұғымының пенде, кісі семантикалық өрісі арқылы кеңейе түсетіндігі, адами құндылықтың жоғалмауы қазақтың кісіні күте білу дәстүрінде екендігі дәлелденді. <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/issue/view/63/77>

А. Жалалова. «Жүсіп Баласағұн шығармашылығындағы әлемнің тілдік бейнесі» атты мақаласында Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы өз дәуірінде ғана емес, бүгінгі күнге дейін құндылығын жоймаған, мазмұны жағынан адам санасын толғандыратын, даналыққа деген құштарлықты арттыратын жырлар жинағы. Ол адамгершіліктің, адалдықтың, қайырымдылықтың өлеңмен өрілген өзара байланысы; халықтың құты, дәулет-ырысын сипаттайтын туынды. Бұл тарихи сабақтастық пен көркемдік үйлестікке құрылған бұл шығарма талғам мен стильдік құрылымдар тұрғысынан ежелгі дәуірді елестетсе, өлең формасы, жасалу жүйесі, сөз орамдары шығыстық өрнекті қамтығандығын алға тартады.

Н. Қалиева «Қожа Ахмет Яссауидың «Диуан-и хикметіндегі» әлемді қабылдауы» атты мақаласында ақынның дүниетанымын зерттей келіп, «Қожа Ахмет Яссауи «Диуан-и хикметінде» ақыретті бірінші орынға қоятын дүниетанымды ұсынады. Оның ойынша, ақыретке жету үшін ақыретке негізделген дүние тіршілігін жасап, дүниенің пайдасын көру өте маңызды. Осы бағытта оның ақыретті бірінші орынға қойып, дүниені тәркі еткенін көреміз. Қожа ахмет Ясауи дүниені, мына кең әлемді Алла үшін көз жасын төгетін жер ретінде қабылдап, бейнелейді» деген қорытындыға келген.

Монографияның 2.1 тарауында адам және әлем модельдерін қарастырған әлемдік және отандық ғылым тарихындағы зерттеулердің тың ізденістерін Қ.Телғожаева, А. Задаханова «Көшпелілер дүниетанымындағы «Адам-Әлем-Еркіндік» ұғымдарының тұтастығы жайындағы тың ізденістер» деген атаумен қарастырып, салыстырмалы түрде шолу жасайды. Зерттеу барысында сак, ғұн дәуірінен қалған, қазақ даласынан табылып жатқан Алтын Адам құпияларын математика және кванттық оптиканың әдістері арқылы ашып, көшпелілер тарихы 50 000 жыл уақытты қамтитын өркениет екендігін дәлелдеп, жапондық ғалымдардың қызығушылықтарын туғызып отырған М. Жылқыбаеваның еңбегіне тоқталған [29]. Көшпелілерге деген әлемдік көзқарастарды кеңінен талдай отырып, көшпелілер өркениетін мен дүниетанымын танытуды археологиялық ескерткіштердің маңыздылығын дәлелдеген. Отандық тарихшы М. Қозыбаевтың [30] көшпелілер өркениеті мен мәдениетін дала өркениеті деп бөліп алып қарастыруына қарсы пікір білдірген Б.У. Китиновтің пікірі де жан-жақты талданып, М. Қозыбаев терминінің ұлт үшін маңыздылығы зор екендігі айтылған [31].

Монографияның «М.Қашқаридің «Дивани луғат- ит түрк» еңбегі мен «Қорқыт ата» жырындағы «Адам-Әлем-Уақыт» ұғымындағы лингвотанымдық бірліктердің сипаты» атты 4.2. тарауында жоба мүшесі Қ.С. Телғожаева «Дивани луғат-ит түрк» пен «Қорқыт ата» кітабындағы «Түркі Адам» концептісін танытатын тілдік бірліктерді талдай келіп, төмендегі түркідүниетанымындағы адами құндылықтардың көрсеткішінің диаграммасын ұсынды.



Салыстыру нәтижесі бойынша қай заманда болмасын «Адам» концептісі ақыл, білім, ілім ұғымдарымен қатар жүретіндігі дәлелденді. Тарау тақырыбын зерттеу барысында Қ. Телғожаева «Уақыт» ұғымындағы лингвистикалық тілдік бірліктер түркілік ділдің өзгешелігі мен рухани байлығын зерттеуде ерекше мәнге ие – құрылымдар екендігін Қашқари мен Қорқыт Ата кітабында жиі ұшырасатын уақыт ұғымының субконцептілерін салыстыра талдау арқылы айғақтап, нәтижелерін кесте түрінде ұсынған. Белгілі ғалым А. Сейдімбек қазақтың нақтылы уақыт туралы дәстүрлі таным-түсінігін төрт түрлі межеге бөліп қарастыратындығын басшылыққа ала отырып, М. Қашқари, Қорқыт дәуіріндегі тілдік қолданыстар негізінде осы төрт түрлі межеге нақты мысалдар келтіреді және сөйлем ішіндегі етістіктің шақ категориясы арқылы дәлелденетін лингвистикалық уақытта қамтылған.

Жаңа Қазақстан құру жолында азаматтардың тарихи санасы мен ұлттық санасын жаңғырту, рухани құндылықтар жүйесінің «Әлем» концептісінде көрініс табуын айқындау мақсатында 2022 жылдың 11 қазанында «Санадағы жаңғыру: «Әлем» бейнесінің» рухани мұраларда берілу сипаты» тақырыбында халықаралық конференция ұйымдастырылды (Қосымша Д).

Гильгамеш, Орхон-Енисей, Қорқыт, Қашқари мұраларындағы адам және әлем модельдерін әлемдік және отандық ғылым тарихындағы зерттеулермен салыстыра қарап, көне түркілердің уақыт пен кеңістік туралы дүниетанымының құрылымдық ерекшеліктерін жіктеу барысында жоба мүшелері жазба мұраларда кездесетін тілдік бірліктерге лингвистикалық талдау жасай отырып, төмендегі мақалалар да қарастырылған:

1. Kosimova G. Sümer ve türk dillerinin benzerliği sorunu: türk bilim adamlarının görüşleri. Yeni Türkiye-Kazakistan özel Sayısı II, Sayı 124. Ankara, 2022. P.222-229.

2. Қалиева Н.Ш. «Әлем моделінің шумер және көне түркі дүниетанымындағы іздері». заманауи ғылыми зерттеулердің III Стамбул халықаралық конгресі. Гедик Университеті, 06-08 мамыр 2022 ж. Стамбул, Түркия.

3. Kossymova G. S., Zadakhanova A. A. Понятие "Мир" в шумерском и тюркском сознании. Hagia Sophia 4. International conference on multidisciplinary scientific studies, February. 11-13, 2022 İstanbul, Turkey.

4. Н. Қалиева, Х.Бишкин. Түркі дүниесінің фразеологиялық бейнесіндегі «Әлем» концептісі. «Түрік фразеологиясы: зерттеулер, ғылыми-теориялық методология және оның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Түркия. Стамбул, 24-27 сәуір 2023 ж., 180-184 б.

5.Н. Калиевой Х. Бишкин. «Түркі паремиялогиясындағы «Адам» концепті (қазақ және түрік тілі материалдары негізінде)» Түркі әлемін зертеу бойынша X халықаралық симпозиум. 14-16 маусым, 2023.

6. Г. Қосымова. «Eski Türklerin bilgisinde «yaşam» kavramının zaman ve mekan çerçevesinde temsili» «prof.dr. Bilgehan atsiz gökdağ armağanı». Анкара, Акçağ Yayınları 2023, 211-218 б.

7. G. S Kossymova, K. S. Telgozhaeva. The nature of linguistic units in the concept of "Human-World-Time" in M. Kashkari's work "Divani Lugat-it-Turk". Яссауи университетінің хабаршысы. №3 (129) 2023. 24-37 б.

8. Жалалова А. М., Телгожаева Қ.С. Characteristics of anthroponyms in ancient Turkic heritages in the concept of «world». XXV халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы. 27-30 маусым 2023 ж. Сан-Франциско, АҚШ, – 333-337 б.

3.1 Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі дүниетанымдық мазмұнды құндылықтарды қазақ халқының рухани игілігіне кіріккен дүниетанымдық ұстындарымен салыстыра талдау және оларды мәдени антропологиялық тұрғыдан негіздеу, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы мәнін түсіндіру

Көне түркі өркениетінен бастау алатын, ғасырдан ғасырға өте келе мәңгі мұраға айналған мәдени жәдігерлер түркі халықтарының тарихынан үлкен орын алады. Зерттеу жұмыстарын жүргізуде Орхон-Енисей, Қорқыт, Қашқари, Әл-Фараби мұраларындағы адам және әлем үлгілерін әлемдік және отандық ғылым тарихындағы зерттеулермен салыстырып, көне түркілердің уақыт туралы дүниетанымының құрылымдық ерекшеліктері айқындалды. Осындай көне жәдігерлер тіліндегі құндылықтарды казак халқының дүниетанымымен салыстыра зерттеу төл тарихымызға тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы зерттеу туралы айтылған ой-тұжырымдарға сүйенсек: «Өз тарихымызды әлем тарихымен салғастыра сараптағанымыз жөн. Өз тарихымызды әлем тарихымен салғастыра зерттеу арқылы дүниедегі бұрынғы орнымыз бен қазіргі орнымызды айқынырақ ажырата аламыз. Адамзаттық өркениет тарихы мен дамыған елдер тарихын өз тарихымызбен салғастыра зерделеу арқылы дамудың табиғаты мен заңдылықтарына қанығамыз...» [32].

Ғылыми жоба бойынша осындай салыстырмалы зерттеу жүргізу барысында көне түркі дүниетанымындағы «Әлем» концептісі туралы материалдар жинақталып, ғылыми түрде жүйеленді. 20 томдық «Қазақ халқының философиялық мұрасы» жинағынан «Ежелгі көшпенділер дүниетанымы» қарастырылды, ежелгі көшпенділер санасындағы «Әлем» ұғымының ерекшеліктері зерттеліп, олардың бірлігі мен ежелгі түріктердің дүниетанымымен байланысы айқындалды. «Қорқыт ата кітабындағы» көне түркілердің дүниетанымдық бейнесі зерделенді. 7-8 ғасырларда Сыр бойын мекендеген оғыз-қыпшақ тайпаларының дүниетанымы мен батырлық дәстүрі, даналығы мен этнографиясы, «Бейбітшілік» ұғымы, батырлық эпостардағы адами қасиеттер, батырлық, туыстық, үлкен-кішіге ізет, туған жерге деген сүйіспеншілік, көшпелі елдің даңқы мен дәстүрі, табиғатты аялау, үйлесім табу және басқа да мәселелер туралы өмірлік философиясы қарастырылды [33].

Тарихсыз, өткенсіз ел болмайды. Тарих – тағылым, тарих – өткен уақыттың баяны. Тарих тағылымына арналған жоба аясында дайындалған монографияны жазуда тарихпен, философиямен, әдебиетпен, мәдениетпен қатар ұлттық бірегейлік те көрініс тапты, себебі, ұлттық бірегейліктің қалыптасуында тарихты, тарих тағылымын, тәжірибесін білу, ұғыну болады. Тарихсыз бірегейлік болмайды, бірегейлік құндылықтардан тұрады. Сол құндылықтарды бойына сіңірген адам ғана ұлттық бірегейлікті ұстана алады, тарихқа қарап бой түзейді. Ұлттық бірегейліктің басты белгілеріне жататындар: ұлттық тәрбие, ұлттық дәстүр, ата діннің тазалығы, тарих, тарихтағы ата-баба дінін құрметтеу, ұлт мәдениетінің әлеуметтік айнасына айналған ұлы ұлт ойшылдарының философиясын түсіну, ұлттық өнер түрлері, туысқандық дәстүр,

тәртіп, тазалық, қоғамда, отбасында ұлттық құндылықтардың тегістей сақталуы, заман талабына сай бейімделу, білімді болу, ғылымға ұмтылу, т.б. Міне осы айтылғандардың барлығы ұлы ойшылдар еңбектеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы монография тарауларында көрініс тапты.

3.2 Зерттеу материалдары негізінде республикалық және шетелдік басылымдарда мақалалар жариялау, авторлық құқыққа ие болатын монография шығару

Ғылыми жоба негізінде «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» атты ұжымдық монография әзірленіп, авторлық құқыққа ие болды (Қосымша Г). Монографияға пікір жазғандар: Фырат университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Ахмет Буран (Түркия) және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Ермекова Тыныштық Нұрдаулетқызы (Қазақстан). Авторлары: Г.С. Қосымова, С.О. Құлбарак, А.М. Жалалова, Н.Ш. Калиева, Қ.С. Телғожаева, Ә.А. Задаханова. Монография мазмұны кіріспе, 4 тарау, 12 тарауша, қорытынды бөлімнен тұрады (Қосымша В).

Монографияда көне түркілер дүниетанымындағы «Адам» және «Әлем» концептілері көне түркі ескерткіштері мен орта ғасыр мұраларын зерттеу материалдары негізінде талданды. Көне түркілер дүниетанымындағы «Адам» концептісінің өрісін құрайтын тілдік бірліктер семантикасы Абайдың «Толық адам» идеясымен сабақтастықта талданып, ой-тұжырымдар жасалды. Көне түркілер дүниетанымындағы «Әлем» концептісі шумерлер мен көне түркілердегі тәңірлік дәуір кезеңіндегі ұғым-түсініктер негізінде бағамдалды. Рухани мұралардағы дәстүр жалғастығы мен идеялар сабақтастығы монографияда «Адам+Әлем+Уақыт+Еркіндік» ұғымдарының бірлігі тұрғысынан қарастырылды.

Монографияның кіріспе бөлімін жазған жоба жетекшісі Г.Қосымова ежелгі дүниетанымдық ұғым-түсініктерді жаңғырту, көне түркілік мәдениеттің генезисі мен даму концепцияларын қайта қарау, олардың терминдік мәнінің қазіргі ғылымда интерпретациялану дәрежесін, қазіргі ғылыми термин мен ежелгі сөздік ұғымның сәйкестік деңгейін, зерттелу жайын қарастыру сияқты мәселелердің басын ашу қажеттілігін айта келе, қазіргі жаһандану дәуірінде жалпы адамзаттық құндылықтар мен түркілік құндылықтардың таразылануы, ұлтты сақтап қалу, кемел адам, кемел ұлт деңгейіне көтерілу жолдары бабалар жолымен салыстырғанда қандай болмақ деген мәселелерді қарастыру барысында көне түркілік наным-сенімдердің байлығын, өркениет

жасаудағы тәжірибесі мен білімінің молдығын, ойлау жүйесінің кеңдігі мен жан-жақтылығын талдаудың өзектілігіне тоқталған.

«Әлемдік және қазақ тілдеріндегі лингвомәдени және лингвокогнитивтік зерттеулердегі концептілер жүйесі» тақырыбындағы 1-тарауда әлемдік зерттеулердегі антропоцентристік бағыттағы көзқарастар бірлігі (Ә. Задаханова), отандық зерттеулердегі лингвомәдени және лингвокогнитивтік теорияның ұлттық дүниетанымға қатысты аспектілері (А. Жалалова), көшпелілер дүниетанымындағы «Адам-Әлем-Еркіндік» ұғымдарының тұтастығы жайындағы тың ізденістерге (Қ. Телгожаева, Ә. Задаханова) шолу жасалып, лингвомәдени және лингвокогнитивтік теорияның ұлттық дүниетанымға қатысты аспектілері, әлемнің тілдік бейнесі, тілдік тұлға, концепт терминдері зерделенді.

«Көне түркілер дүниетанымындағы «Адам» концептісіне қатысты тілдік бірліктердің семантикасы» тақырыбындағы 2-ші тарауда ұлттық танымдағы Адам концептісі: тарихи деректер мен пайымдаулар (Н. Калиева) мәселесі, көне түркі ескерткіштеріндегі Адам концептісіне қатысты лексика- фразеологиялық бірліктердің семантикасы мен лингвомәдени өрісі (Н. Калиева), көне мұралар мен Абай танымындағы «Кемел адам» ұғымының бірлігі (Г. Қосымова) сипатталады.

«Тәңірлік дәуір кезеңіндегі көне түркілер дүниетанымындағы «Әлем» концептісі» атты 3-ші тарауда ежелгі түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі (С. Құлбарак), көне түркілер дүниетанымындағы «Дала» концептісі: метафоралық тілдік бірліктер мен фразеологизмдердің прагматикасы (Г. Қосымова), көне түркілер дүниетанымындағы «Аспан» концептісіне қатысты тілдік бірліктер мен фразеологизмдердің ассоциативті символдық мәні (Г. Қосымова) ашылып, талдаулар жасалды.

4-ші тарау «Рухани мұралардағы дәстүр жалғастығы мен идеялар сабақтастығы» аталады. Бұл тарауда қарастырылатын мәселелер: шумерлердің «Гильгамеш» эпосы мен Орхон мұраларындағы «Адам-Әлем-Еркіндік» ұғымдарының сабақтастығы (Г. Қосымова), М.Қашқаридің «Дивани луғат- ит түрк» еңбегі мен «Қорқыт ата» жырындағы «Адам-Әлем-Уақыт» ұғымындағы лингвотанымдық бірліктердің сипаты (Қ. Телгожаева), Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік» еңбегі мен Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» кемел адам мен тұтас әлем және уақыт тұжырымдарына қатысты ортақ идеялар (А. Жалалова) төңірегіндегі зерттеулер қамтылған.

Қорытынды бөлімде (С.Құлбарак) жаңа Қазақстанның бүгінгі парасатты идеологиясының бағытын бағамдай отырып, бейбітшілік пен тұрақтылық, бірлік – тәуелсіздік ұстанымдарына тоқтала келе, түркілердің Әлем, Адам жөніндегі

дүниетанымы мен ой-толғамдарын зерделеу, оның қазіргі уақыт үшін де ғибратты пайымдарын қорытып, жас ұрпақтың бойында «Мәңгілік Ел» идеологиясын қалыптастыруда кеңінен қолданудың өзектілігіне тоқталады. Ата-баба аманатынан, түп тарихтан, ана тілі мен дәстүр-салтымыздан бастау алған ұлттық рух, сергек сана, ойлы ұстанымның адастырмайтынын, қазіргі ұрпақтың ұлттық ойлау жүйесі мен «Мәңгілік Ел» идеологиясын қалыптастырудағы көне түркілер аманатының салмағы үлкен екендігіне тоқтала кетті.

Сондай ақ зерттеу нәтижелері басқа да басылымдарда (ҚР БҒМ БҒСБК (КОКСОН) журналдарында, конференция жинақтарында) жарық көрді.

Жоба жетекшісі Г. Қосымова мен Қ.Телғожаеваның «The nature of linguistic units in the concept of «Human-World-Time» in M. Kashkari's work «Divani Lugat-it-Turk» тақырыбындағы мақаласы Яссауи университетінің хабаршысында жарыққа шықты (Түркістан. №3 (129) 2023. 24-37 б. <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/issue/view/63/77>). Мақалада авторлардың «Адам-Әлем-Уақыт» ұғымы – жалпыадамзаттың таным-түсінігі, болмысы, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық сипаты, өркениеті мен мәдениеті, ділі, діні, тілдік байлығынан хабар беретін үшті ретіндегі көрінісі, үштікті тарихи жазбалар арқылы тану, орта ғасырдың жазба әдебиеттері негізінде тіл тарихын зерттеудің тілдің лексикалық, семантикалық, прагматикалық, парадигмалық қатынастарын тануға ықпал етуі туралы ой-тұжырымдар берілген. М. Қашқаридің «Дивани луғат-ит-турк» еңбегіндегі «Адам-Әлем-Уақыт» ұғымындағы лингвотанымдық бірліктердің сипатын лингвистикалық талдау жасау арқылы түркілік дүниетанымның ерекшелігі бағамдалды. Қашқари еңбегінің қазақ тіл білімінде зерттелу тарихына шолу жасалды. Зерттеудің жаңалығы – жалпы адамзат танымындағы «Адам-Әлем-Уақыт» ұғымдарының алғаш рет үштік ретінде қазақ тіл білімінде қарастырылып, лингвистикалық бірліктер сипатталды және аталмыш үштіктің қолданыс жиілігіне қарай ұлтты танытуға мысалдар кесте түрінде беріліп, түркі дүниетанымындағы адами құндылықтар көрсеткіші ұсынылған.

